

Мазмұны

1. Жалпы мәліметтер.
2. Ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмыс.
3. Ғылыми-экспозициялық және көрме жұмысы.
4. Ғылыми-қор және есеп-сақтау жұмысы.
5. Жаппай ғылыми-ағартушылық жұмыс.
6. Музейдің әдістемелік жұмысы.
7. Бұқаралық ақпарат құралдары мен басылым қызметі.
Ғылыми кітапхана және ғылыми архив.
8. Ақылы қызмет енгізу бойынша жұмыс.
9. Біліктілікті арттыру.
10. Музейдің материалдық-техникалық базасы.
11. Музейдің қоғамдық активі.
12. Музей қорғанысы.
13. Қорытынды.
14. 2018 жылғы міндеттер.
15. Негізгі көрсеткіштер бойынша есеп.
16. Музей қызметі бойынша есеп (форма №1- жылдық музей).
17. Музей қызметі бойынша есеп (форма 8-НК).
18. Музей қызметкерлерінің басылымдары.
19. БАҚ музей жұмысы туралы.
20. Суреттер.



1. Жалпы мәліметтер.

**101404 Қарағанды облысы.
Теміртау қ., Metallургтер даңғылы 28/4
Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасының «Теміртау қалалық
тарихи-өлкетану музейі» КМҚК**

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі келушілер үшін 1973 жылдың 6 қарашасында ашылды. Ол төбесі жұмсақ, екі қабатты блок ғимаратында орналасқан. Алғашқысында ғимарат төртінші ықшам аудан сауда орталығына арналған. КСРО МИМ Қарағанды металлургиялық комбинаттың 6.11. 1973 жылғы № 572 бұйрығымен ғимарат ҚТӨМ-ына жалға берілді.

Бірінші қабаттың жартысында азық-түлік дүкені орналасқан. Жалпы аумағы 1098 м², экспозициялық алаң – 700 м², қор қоймасы- 80 м². 1990 жылы музей күрделі жөндеуге жабылды. Ақша құнының құлдырау салдарынан жұмыс көлемі 25% -ғана орындалды.

Ол – ғимаратты жөндеу, сонымен қоса алаңы 80 м² экспозиция салынды – «Палеонтология», «Туған өлке табиғаты».

1996 ж. алдында қатып қалған жылу беру жүйесін қалпына келтіргеннен кейін, музейдің екінші қабаттағы бірінші залдары ашылды. 2001ж. музейдің төбесі күрделі жөндеуден өткен соң, музейдің экспозициялық алаңын қолдануға мүмкіншілік туды.

Мәдени орталықтарға жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы мемлекеттік бағдарлама жүзіндегі Жол картасы аясында 2009 жылы музей ғимаратының сыртқы келбеті өңделді және 2010 жылы электр және жылу жүйесі, ішкі бөлмелері, төбе жабындысы жөнделді.

Есеп беру кезеңінде музейде 10 зал жұмыс істейді.

№	Залдың атауы	Ашылған жылы
1	Туған өлке табиғаты	1991
2	Палеонтология	1991
3	Көрме залы	1999
4	«Археология» залы	1999
5	«Этнография және Қазақстан халықтар бірлігі» залы	1999-2001, 2006
6	«Қала тарихы» залы	2000,2005,2010
7	«Еске алу» залы	2000-2003,2010
8	«Нумизматика» залы	2001,2008
9	«Теміртау – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қаласы» залы	2009
10	Кіші көрме залы	2010

Негізгі міндеттер:

- музей жинақтары мен музей заттарын жинақтау, есепке тіркеу, сақтау және қайта жаңарту, ағартушылық пен білім беру қызметін жүзеге асыру;
- музей жинақтары мен музей заттарының халық үшін қол жетімдігін қамтамасыз ету;
- музей жинақтары мен музей заттарын анықтау, зерттеу, жариялау;
- музей қызметін әлеуметтік- жас шамалық, білімділік жағынан түрлі топтардың талабы мен қызығушылығын ескере отырып ұйымдастыру;
- музейге келушілердің санын арттыру;
- музейдің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- музейлік, экскурсиялық, бос уақытты қызықты өткізу қызметінің жаңа заманауи әдістерін дамыту;
- музей ісінің ұйымдастырылуына Интернет-технологиялар мен компьютеризациялауды енгізу;
- білім беру және ғылыми мекемелермен бірлесе жүргізетін жұмысты ұйымдастыру.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- музей заттарын есепке тіркеу және сақтау;
- музей қорын жинақтау;
- қорда сақталатын заттарды зерттеу, жүйелеу, электрондық базасын қалыптастыру;
- көркем студиялар, үйірмелер, дәрістемелер, түрлі қызығушылығына қарай біріккен бірлестіктер құру;
- мәдени-ағартушылық пен мәдени-педагогикалық қызмет;
- заңды және жеке тұлғаларға мәдени-жаппай және туристік-экскурсиондық қызмет көрсету;
- музей мамандарының біліктілігін арттыру;
- музей қырыны бойынша монографиялар, тізімдемелер, кітапшалар дайындау;
- музей жинақтары мен заттарын қорғау бойынша іс-шараларды құрастыру және іске асыру;
- азаматтарға қосымша музей және сервис қызметтерін ұсыну;
- музей аймағында жаппай іс-шараларды, тұсау кесер шараларды өткізуді ұйымдастыру.

Жоспардың құрылу негізі:

- Мемлекеттік бағдарлама «Рухани жаңғыру»;
- Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы
- Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылдың 5 қазанындағы Қазақстан халқына Жолдауы

«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру»

- ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру»;
- «Қазақстан-2050» стратегиясы
- «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идея
- «Нұрлы жол» 2015 - 2019 жылдарға инфраструктуралық дамудың Мемлекеттік бағдарламасы
- «Ұлт жоспары - бес институциялық реформаны жүзеге асыру бойыншы 100 нақты қадам»
- «Халық тарих ағымында» бағдарламасы
- «Ақпаратты Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарлама туралы
- «Халық тарих ағымында» тарихи зерттемелер бағдарламасы
- «Мәдени мұра» бағдарламасы
- Отаншылдықты тәрбиелеу бағдарламасы
- ҚР мемлекеттік және кәсіби мерекелері
- Ел және қала тарихындағы атаулы күндер

Музей жобаларының жұмысы:

- Ұрпақтардың жанды байланысы
- Туған қаланың көшелері
- «Теміртау – естелік суреттер»
- «Отбасымызбен музейге»
- «Қала көшелерін аралай...»
- «Музей бәріңіз үшін»- мүмкіндігі шектелген балаларға арналған бейімдеу бағдарламасы

2. Ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмысы.

2018 жылғы барлық жұмыс, өзінде негізгі мақсаттар мен бағыттарды қамтыған 2017 жылдың соңында бекітілген ғылыми-жинақтау жұмыс жоспары бойынша құрастырылды. Жұмыс залдардың тақырыптық бағытымен қоса, айрықша маңызды атаулы күн тізіміне және мемлекеттік бағдарламаларға сай өткізілді.

Осы кезеңде Теміртау, Қарағанды, Астана және Алматы қалаларының архивтерінде ғылыми - зерттеу жұмыстары жүргізілді.

«Теміртау қаласының тарихы» залы

- Жауыртау шоқысы орналасқан аймақтың тарихы бойынша деректер жинақтау мақсатында экспедиция және архивтардағы жұмыс.
- Комсомольск даңғылының құрылысы туралы қала тұрғындарының естеліктерін, фото-видео материалдарды жинақтап, топталды.

- ҚР Тәуелсіздігі жылдары Теміртауда ашылған мектепке дейінгі балаларға арналған мекемелер материалдар жинақтап, топталды;
- Теміртау қаласының Құрметті азаматы Ү.Тұрмағамбетов туралы деректер жинақтау және кітапша басып шығарылды.
- Теміртау қаласының саңыраулар Мәдениет Сарайының тарихы бойынша материалдар жинақтап, топталды.
- Теміртау қаласының жастар секторы бойынша материалдар жиналды.
- «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаламыздың дамуына үлесін қосқан тұлғалар туралы «Теміртаудың 100 келбеті» атты бөлім қалыптастырып, материалдар жиналды.

«Теміртау – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қаласы» залы

- Теміртау қаласының заманауи өндірістік кәсіпорындары туралы материал жинақталды.
- «Бизнестің жол картасы» және ҚИИД Мемлекеттік бағдарламаларға қатысушы орта және кіші бизнесінің кәсіпорындары туралы материал жинақталды.
- ҚР Тәуелсіздігі жылдарында Теміртау қаласының келбеті қаншалықты өзгергенін бейнелейтін құжат және фото материалдарын жиналды.
- Теміртау қаласында мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуы.
- Алғыс күніне арнайы қуғын-сүргінге ұшыраған кәрістер туралы материал жинап, іс-шара ұйымдастырылды.
- Тәуелсіздік күніне арнайы материалдар жинақтап, іс-шара ұйымдастырылды.

Еске алу залы

- ҰОС ардагерлері және Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер туралы материалдарды топталды.
- Теміртау қаласының қорғаныс Департаментімен бірлесе отырып, ардагерлердің майдан жолын, марапаттарын, естеліктерін, қолда бар ақпараттарды өңделді.

Нумизматика залы

- Экспозиция бөлімдері бойынша экспонаттар жинақтап және сатып алу.
- Айырбастау қорына монеталар мен бондар жиналды (жыл бойы).
- Теміртау қаласының банк жүйесі. Бөлімін жаңартып, материалдар жиналды.

Табиғат залы

- Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арнап «Музей қалашығы» атты іс-шара ұйымдастырылды.
- Экспозиция материалдары бойынша ақпарат толықтырылды.

Археология залы

- Экспозиция ерте қола дәуіріндегі пештердің макетімен толықтырылды.
- «Үңгір адамының» киімі, тас еңбек құралдары тақырыбында интерактивтік аймақ құрастырылды.

Этнография залы

- Қазақ ұлттық костюмі бойынша материал жинап, іс-шара ұйымдастырылды.
 - Костюмдері зерттеліп, тігілді.
- «Қуыршақтар көрінісі» жобасының аясында қуыршақтар ойластырып, тігілді.
- Экспозиция бөлімдеріне экспонаттар жинау және сатып алу.
 - Ұлттық диаспоралардың музыкалық мәдениеті (асатаяқ, жетіген, гусли, сыбызғы, еріндік гармоника).
 - Қаладағы көптеген диаспоралар бөліміне (тұрмыс заттары, киімдер, әшекейлер, салт элементтері).

Көрме залы

- Теміртау суретшілерінің «Т- АРТ» клубының жұмысы
- Өткізілетін көрмелер бойынша буклеттер мен каталогтар жасау
- Өнер шығармалары жинақталды: картиналар, мүсіндер, сәндік қол-өнер заттары, (жыл бойы).

Қалалық іс-шаралардың ұйымдастырылуы:

- «Рухани жаңғыру» Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында көшпенді қазақтардың қыстағы «Жауыртау қыстағы» тақырыбында тарихи қайта жаңғыртылды.
- «Жәдігер салтанаты. Электроград» атты қалалық мерекеге материал жинау және ұйымдастыру.
- «Астанадағы селфи» тақырыбында ақпараттық материал жинақтап, экспозиция ұйымдастыру.
- «Астана – ХХІ ғасырдың қаласы» тақырыбында қалалық акцияға ақпарат жинақтап, экспозиция ұйымдастыру.
- «Назар аударыңыз! Сізді камера түсіруде!» іс-шараға материал жинау.
- Рухани келісім және толеранттылық күніне арнап материал жинау.

Ғылыми – зерттеу және жинақтау жұмысы жоспар бойынша мақсатты түрде жүргізіліп, өзара бір тақырыппен байланысқан бағыттар тізімін кеңінен қамтыды. Жаңа экспозицияларға ТЭЖ, 8 жаңа экскурсия және 4 лекция тақырыбы құрылды, 9 ескі мәтіндер жинағы толықтырылды.

3. Ғылыми – экспозициялық жұмыс

Ғылыми – зерттеу және жинақтау жұмысы Тәуелсіз Қазақстанның заманауи тарихына, туған өлке тарихына деген қызығушылықты қалыптастыруға, ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға, патриоттық және эстетикалық тәрбиеге бағытталды. Музей тұрақты экспозицияны жинақтаумен қатар, өз қорының негізінде және басқа да ұйымдар мен жеке тұлғалардың жинағы негізінде уақытша экспозицияларды құруды жалғастырды. Ғылыми – зерттеу жұмысының материалдарын қолдана отырып, есеп беру кезеңінде ғылыми құраммен жаңа тақырыптар зерттеліп, ескі экспозициялық тақырыптар жаңа деректермен толықтырылды.

11 қаңтарда Әлемге әйгілі болған жас Н.Назарбаевтың 1961 жылдағы фотосуретінің авторы. Алексей Бондаренконың (1922 - 1999 гг.) «Қала тарихы объектив арқылы» атты тарихи суреттер көрмесі ашылды.

Фашистердің тұтқынынан аман шығып, Теміртау қаласы мен Қазақстан Магниткасының соғыстан кейінгі жылдардағы фотосуреттер арқылы шежіресін жазған соғыс ардагері. Қазақстан Республикасының болашақ президенті, №1 домна пешінің көрікшісі Нұрсұлтан Назарбаевтың елге танымал болған әйгілі фотопортретінің авторы.

Көрмеде қаламыздың қалыптасу тарихын айқын бейнелейтін, Бондаренко отбасының жеке архивінен алынған фотосуреттер, фотосуретшінің жеке заттары орын алды.

Көрменің ашылу салтанатына Алексей Бондаренконың туыстары мен әріптестері, политехникалық колледждің студенттері, қала тарихын зерттеушілер, Теміртау қаласының ардагерлері мен алғашқы құрылысшылары қатысты.

14 ақпанда Теміртау қаласының нашар еститін және саңырау жандарға арналған мәдениет Үйінің 40 жылдығына арналған «Ымдау» экспозициясы ашылды.

Экспозиция екі бөлімнен тұрды: біріншісі Теміртау қаласының саңыраулар мәдениет Үйінің тарихын баяндайтын сурет-құжаттар көрсетілген тарихи бөлім.

Екінші бөлімде шексіз шығармашылықтың нышаны ретінде орналасқан колонналар. Бұл колонналарда сөйлеу және есту қабілеті нашар жандар бас қосатын мекеменің заманауи қызметі және клубқа келушілердің шығармашылық қолөнер бұйымдары көрсетілді.

Музей жұмысының практикасында алғаш рет «Ымдау» деген экспозиция тақырыбы - дактиле – саңыраулар тілінде жазылды.

23 ақпанда, "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламасы аясында, «Сплав» халық фотоклубының - "Фотоаңшылық" есеп беру көрмесі ашылды.

Неше жылдан бері осы клубтың мүшесі болып келе жатқан С. Кочмарев, С. Козодеров, А. Ворожев, А. Литовченко, В. Лазариди және басқа да фото ісінің майталмандары, өз ісін енді бастап келе жатқан жастар қосылып 50-ден астам түрлі жанрдағы туындылар ұсынды.

Бірінші рет, «Сплав» мүшелерінің өлкеміздің тарихи шежіресін фотосуреттер арқылы жеткізіп отырған зор еңбегі көрменің музейлік қырынында көрсетілді. Экспозицияда Теміртау тарихи-өлкетану музейінің негізгі қорының «Бейнелеу өнер» бөлімінің біршама фотожәдігерлері орын алды. Бұл жерде орналасқан суреттердің өзіндік тарихи және көркемдік құндылығы бар, олар музейге авторлардың ықыласымен сыйға берілді.

Тарихи құндылықты сақтау, музей қорын толықтыру – «Сплав» фотоклубы мен қалалық музейдің біріге, мақсатты түрде, атқарып келе жатқан көпжылғы жұмысының нәтижесі.

1 наурызда «Жүрек жылуы» жобасының аясында Алғыс күніне арналған "Менің екінші отаным" атты кәріс халқының Қазақстан жеріне жер аударылу тарихы мен өмірін баяндайтын экспозицияның ашылуы өтті.

Экспозицияның ашылу барысында музей "Жүрек жылуы" жобасын іске қосты. Келген қонақтар, Қазақстан екінші отанына айналған, жер аударылған адамдардың тарихымен танысты. Экспозиция 1937 жылы, алғашқылардың бірі болып, күшпен жер аударылған кәріс отбасылары туралы болды. Бес кәріс отбасының тарихы олардың ұрпақтары ұсынған, экспозицияның негізін құраған, суреттер, құжаттар, жеке заттары. Олардың арасында 1910 жылы басылып шығарылған бірегей суреттер де бар. Сонымен қатар, кәріс халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін сипаттайтын заттар көрсетілді.

Ашылу салтанатына «Кореяна» этномәдени орталығының өкілдері мен Политехникалық колледж студенттері қатысты.

5 наурызда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде, ҚР гендерлік саясатын қолдау мақсатында, музейлік «Әйелдер әлемі» жобасының аясында, Халықаралық әйелдер күніне арналған «Әйелдер пазлы» атты инсталляция ашылды.

Экспозиция әйел пазлының көпқырынды 4 бөлшегінен тұрады - балалық шақ, жастық шақ, орта жас және кәрілік. Әрбір бөлімде жәдігерлерден жас шамасына сәйкес әйелдер бейнесі құрастырылған: құмда ойнап отырған қыз, екі студент қыздар, жаңбырдың астында үйіне асығып бара жатқан апай және есік алдында отырған екі көрші-әжелер.

Инсталляцияда музей қорының бірегей жәдігерлері қолданылған – балалар және әйелдердің киімі, аяқ киімдері, көне ойыншықтар, косметика және басқалары. Ерекше қызығушылық тудыратын жәдігерлер – бұл 50 жыл бұрын Қарағанды облысында жасап шығарылған «Балдырған» балалар велосипеді, қызбаланың шұлығы мен сандалы, әйелдердің сәнді аяқ-киімі.

Алғаш рет инсталляцияның әрбір бөлімінде музыкалық сүйемелдеу болды, бұл әндер Теміртау музейінде жаңадан қолданысқа енгізіліп жатқан аудиогидтердің көмегімен тыңдалды.

Облыстық және қалалық БАҚ өкілдері алғашқы көрермендер болды. Инсталляция бір ай көлемінде жұмыс істейді.

17 наурызда Қарағандылық суретші- мүсінші, ҚР суретшілер Одағының мүшесі С. Чеченовтың "Үшдеңгейлік кеңістік шеңберінде» атты жеке көрмесі ашылды.

Көрмеде Сергей Чеченовтың авторлық туындылар жинағының 35 астам кішігірім мүсіндері көрсетілді. Бұл бірнеше жылғы жұмыс нәтижесі. Негізінен қола мен ағаштан жасалған анималистикалық мүсіндер.

Көрмеде мүсіндермен қатар суреттер мен жұмыс барысындағы эскиздерде ұсынылды. Эскиздермен жұмыс - бұл мүсінші жұмысындағы бастапқы кезең. Сонымен қатар, болашақта металдан жасалатын мүсіндердің макеті көрсетілді. Олар қатты қағаздан жасалған.

Экспозицияға еңбеген жұмыстарының суреттері де көрмеден орын алды.

Жеке көрмесінің ашылу салтанатына қаламыздың фотосуретшілері мен суретшілері, Қарағанды қаласының зиялы қауымы мен сәулетшілері және басқа да қонақтар қатысты.

22 наурызда «Металлург» стадионының алаңында Наурыз мерекесіне арналған этно-киіз үйдің ашылуы.

Қаламыздың орталық алаңында Наурыз мерекесі тойында, этно-киіз үйдің ішінде орын алған экспозицияда қала тұрғындары 50-ден астам этнографиялық бағыттағы жәдігерлермен танысты. Экспозицияның бес бөлімінде орыс, татар, неміс диаспораларының ұлттық костюмдері, тұрмыстық заттары, музыкалық аспаптары, зергерлік өнер бұйымдары мен қару-жарақтары ұсынылды. Қазақ халқының мәдениеті экспозицияның орталық бөлімінде көрсетілді. Теміртау қаласының Әкімі Ғалым Әшімов және қалалық мәслихаттың өкілдері этно-киіз үйдің қадірлі қонағы болды.

11 сәуірде Ғарыш күніне арналған ашық іс-шара шеңберінде «Әйелдер ғарышы» тақырыбында экспозиция ашылды.

Экспозиция алғашқы әйелдің ғарышқа ұшқанына 55 жыл толуына арналды. Бірнеше бөлімнен тұратын экспозицияда фотосуреттер мен құжат материалдары ұсынылды. Бірінші бөлімде В. Терешкова және С. Савицкая сияқты кеңес ғарышкерлері туралы материалдар жиналып, екінші бөлім ресейлік ғарышкерлер Н.Кондакова және Е.Сероваға арналды. Ғарышты бағындырған әлем әйелдері туралы мультимедиялық форматта баяндалды. Экспозицияда «Мир» станциясының макеті және ғарыш кемесі бөлшегінің макеті, сынақшы-ұшқыш шлемі көрсетілді.

22 сәуірде Халықаралық жер күніне арнайы «Арселор Миттал Темиртау» АҚ-ның «Коллаж» студиясының «саусақ ұшындағы әлем» атты шығармашылық көрмесі өтті.

Коллаж, панно, тоқыма, аппликация, кіші формадағы мүсіндер, компьютерлік дизайн – осы шығармашылық өнер туындылары көрмеден орын алды. Бұл бір жылғы оқу барысының нәтижесі. Ең үздік жұмыстар сыйлықтар мен дипломдармен марапатталды. «Коллаж» бейнелеу студиясының сән театрының көрсеткен өнері мерекеге ерекше көңіл-күй сыйлады. Балалар жазғы киім үлгілерін көрсетіп, ал БЖО шығармашылық ұжымдары ән мен би сыйлады. «АрселорМиттал Темиртау» компаниясының өнім бойынша директорының орынбасары Ашим Чакаборти және оның жұбайы Чандрани Чакаборти Іс-шараның құрметті қонағы болды.

5 мамырда Ұлы отан соғысындағы Жеңістің 73 жылдығына арналған «Ерліктің нышандары» атты экспозиция ашылды.

Экспозицияда алты ардагердің, Теміртау қаласының тұрғындарының, соғыстағы ерлігі үшін алған марапаттары көрсетілді. Әрбір марапат – бұл Ұлы Отан соғысы ардагерінің естелігі бойынша жазылған бір ерліктің тарихы.

Экспозицияда соғыс ардагерінің суреті мен медалі немесе ордені, ерлігі туралы мәлімет ұсынылды. Мұндай аз ғана жәдігерден құралған экспозиция, келушілердің көңілін осы тұлғаға толығымен аударады.

Экспозицияның ашылуына «Ерліктің нышандары» атты кітапша басылып шығарылды. Бұл кітапша соғыс кезінде қандай марапат белгілері бекітілгені туралы, майдангерлердің естеліктері мен жеке құжаттары туралы баяндайды.

5 мамырда Отан қорғаушылар күніне арналған «Майдан құжаттары сөйлейді» атты іс-шара өткізілді. Іс-шараның негізінде Ұлы отан соғысына қатысқан жерлестеріміздің ерлігі туралы, олардың марапаттары туралы әңгіме қозғалды. Біздің аталарымыздың жанқиярлық ерлігі мен қаһармандығының үлгісінде Отанымызға деген құрмет және жас теміртаулықтардың отансүйгіштігі қалыптасады

9 мамырда Ұлы Отан соғысында қаза тапқан теміртаулық жауынгерлерге арналған ескерткіш орнатылған алаңда Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 73 жылдығына арнайы «Еске алу» атты соғыс жылдарын қайта жаңғырту форматында ауқымды экспозиция ұйымдастырды. Соғыс жылдарын қайта жаңғырту форматындағы экспозиция үш бөлімнен құралды: "Блиндаж", "Дала госпиталі" және "Дала поштасы".

Бүркеу тормен жабылған қолдан жасалған блиндаж майдангерлердің естелігі, соғыс туралы суреттер-видеохроникалар бойынша жасалды. Экспозицияда ерекше көңіл аударған – бұл соғыс кезеңін бейнелейтін – офицер сөмкесі, пулемет таспасы, гармонь және жауынгер бақырашы сияқты жәдігерлер. Барлық келушілердің назарын өзіне қаратқан – ол Ұлы

Отан соғысы кезіндегі әскери киімді киген, блиндажға кіре берісті қарсы алып тұрған жауынгер- музей қызметкері болды.

Дала госпиталінің шатырында 1940-шы жылдардағы медициналық жабдықтар мен құрал-аспаптар орын алды. Интерактивтік аймақтарда – ақ халаттағы медбикелер «жараланған жауынгерлерге»- экспозицияны көрушілерге- медициналық көмек көрсетіп, жараларын таңып беріп отырды.

Үйіліп жатқан сәлем хаттар мен сәлемдеме салынған жәшіктер, ағаштан жасалған үстел мен орындықтар – бұл «Дала поштасы». Бұл жерде келушілер майданға Ұлы Жеңіс үшін өз алғыстарын білдіретін хат жазып, оларды үшбұрыштап бүктеп үйренді.

Соғыс жылдарын қайта жаңғырту форматындағы экспозицияның әрбір бөлімінде Ұлы Отан соғысы туралы, Қазақстандықтар мен Самарқанд елді мекенінің Ұлы жеңіске қосқан үлесі туралы, дала поштасының жұмысы мен Қарағанды облысында орналасқан эвакогоспитальдер туралы ақпарат берілді.

Бұл экспозицияны 10 000-нан астам қала тұрғындары тамашалады.

18 мамырда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің алаңында Халықаралық музейлер күніне арналған «Жәдігер салтанаты. Электроқала» атты іс-шара өтті.

Салтанаттың басты кейіпкері – электроприборлар, барлық іс-әрекет солардың айналасында болды.

Іс-шараның орталығында – «Электромагия» деп аталатын музей қорының жәдігерлерінен және жеке азаматтардың жинағынан тұратын экспозиция орналасты.

Экспозиция үш бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде қайталанбас тарихы бар жәдігерлер орын алды. Мысалы, 1950-ші жылдары Қазақ металлургиялық зауытының жұмысшысы жұбайына шаш бұйралайтын құрал сыйлайды. Бұл шашқа арналған құрал шойыннан, ал қолсабы ағаштан жасалды және ол отқа қыздырылды.

Екінші бөлімде ХХ ғасырдың басында қолдың күшімен жұмыс істеген, ал уақыт өте келе, электрондар пайда болғаннан кейін тоқтың күшімен жұмыс істейтін болып өзгерген жәдігерлер орналасты. Бірақ та олар о баста не үшін жаратылған мақсатын жойған жоқ.

Үшінші бөлім Кеңес дәуірі кезеңіндегі радио –техникалық, тұрмыстық және электрондық өлшем приборларына арналды.

Біздің көрме жасы үлкен аталарымыз бен әжелерімізге қуанышты еске алу сәті болды. Ал жастар өткен заманда қандай заттар қолданылғанын көріп, білді. Әрбір жәдігер екі дәуірдің арасындағы уақыт ара қашықтығын айқындай түскендей әсер берді.

Біздің көрме электроэнергияның адам өмірін қалай өзгерткенін және техникалық тұрғыда қалай дамығанын көрсетті.

25 мамырда Қаламыздың суретшілері мен фотосуретшілерінің шығармашылығынан «Бір жұмыстың көрмесі» атты вернисаж ашылды.

Әрбір қатысушыдан бір ғана жұмыс ұсынылды. Вернисаж 32 суретші мен фотосуретшінің басын қосты. Бұл қаламыздың «Т-Арт» қалалық суретшілер клубының және «Сплав» халық фотоклубының мүшелері. Көрмеде орын алатын бір шығармашылық жұмыс автор үшін, жасалған уақытына қарамастан, жан дүниесін айқындайтын ерекше шығармашылық туынды саналады. Бейнелеу өнері мен фотосурет өнерін біріктірген көрме музейде алғаш рет ашылды.

Қонақтар үшін А. Великанов пен Е. Тимершаихованың орындауында әсем әуендер ерекше әсер берді.

Көрменің ашылуына Ғ. Жұбанова атындағы өнер мектебінің оқушылары және Политехникалық колледждің «Дизайн» факультетінің студенттері шақырылды. Сонымен қатар, қаламыздың зиялы қауымы көрменің құрметті қонағы болды.

30 мамырда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арнап «Төңкерілген әлем: архивтік құжаттар сөйлейді» атты экспозиция ашылды.

Музейдің үлкен көрме залында тікен сыммен қоршалған және қарауылдартұратын мұнаралары бар «түрме» орнатылды. Әрбір мұнара тоталитаризм қасіретінің белгісі, сонымен қатар, бұрындары жарық көрмеген, бірегей қуғын-сүргін құжаттары көрсетілген экспозициялық бөлім. Ағашының кесіктерінде РСФСР ҚК-нің 58 бабымен сотталған Самарқанд елді мекені тұрғындарының есімдері жазылды. Орталығында тоталитаризм қасіретінің нышаны ретінде, тікен сыммен шырматылған, ағаш кесіндісі орнатылды.

Инсталляция Теміртау қаласының қуғын –сүргін кезіндегі тарихын зерттеудегі көп жылдық жұмысының нәтижесі болып табылады. Экспозицияның алғашқы көрушілерін – қаламыздың егде жастағы тұрғындарын, «Теміртау қ. ішкі саясат бөлімі» ММ өкілдерін, «Нұр Отан» партиясының мүшелерін, этно-мәдени орталықтарының мүшелерін, ҚМИУ педагогтары мен студенттерін – сол кезеңнің көркемдік бейнесі мен архивтік құжаттарын сүйектен өтердей етіп біріктіріп тұрған инсталляцияның жан түршігерлік атмосферасы қатты толқытты.

1 маусымда халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Балалар көркем галереясы» ашылды.

Бұл акцияда түрлі жас шамасындағы балалар қатысты. Кішкентайлар өздерінің ата-анасымен немесе апа-ағаларымен келді. Акцияға қатысушыларға өздерінің армандарын, жазғы көңіл-күйлерін білдіретін, қоршаған ортаға байланысты суреттер салу ұсынылды. Барлық суреттер музейдің қас бетіндегі терезелерге ілінді. Бұл суреттер бір апта

бойы ілініп тұрды, қала тұрғындары молынан тамашалады. Акцияға 90-нан астам адам қатысып 110 сурет салынды.

5 маусымда «Астанадағы селфи» қалалық көрме- акция ашылды.

Бұл көрме Республикамыздың бас қаласы -Астананың 20 жылдық мерей тойына арнап, жыл бойына жоспарланған іс-шаралар қатарында өтіліп жатыр. Акцияға 80- нен астам адам қатысты. Біз қала тұрғындарының 150 ден астам суреттерін жинадық. Олар дәстүрлі мерейтойлық «20» санының бетінен орын алды. Суреттер, аталған қабылдау мерзімінің өтіп кеткеніне қарамастан, күнде келіп жатыр. Сондықтан суреттерді жинау акциясын жылдың соңына дейін жалғастыруды жөн көрдік.

Суреттер акциясына қатысушылар мен мектеп жанындағы лагерь балалар көрменің алғашқы көрермендері болды.

13 маусымда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде КСРО жазушылар Одағының мүшесі, қазақстан жазушылар Одағының мүшесі ақын В.Г. Фетьконың 75 жылдығына арналған «Соңғы бесжылдық» атты еске алу кеші өтті.

Домна пештерін, прокат пен болат балқыту цехтарының кірпішін өз қолымен қалаған Қазақстан Магниткасының қарапайым құрылысшысы өте дарынды ақын болған. Ол өз өлеңдерінде Теміртау қаласы мен оның еңбекқор тұрғындары туралы жазған.

Еске алу кешінде экспозицияның нақ ортасында орын алған, В.Фетьконың толық бойымен жасалған, суреті ол кісінің жоқтығын білдіртпегендей әсер берді. Еңбек жолы мен шығармашылық қызметін айқындайтын қолжазбалары, басылымдары, мақалалары мен суреттері ақын бейнесінің қыр-сырын жеткізе білді. Ақынның отбасының жеке архивінен алынған документалдық құжаттар мен оның немересінің орындауындағы В.Г. Фетьконың видеоөлеңдері интерактивтік панельден көрсетілді.

Еске алу кешінде ақынның ұрпақтары мен достары, әріптестері жиналды. Дастархан басында Фетько В.Г туралы, оның шығармашылығы – поэзия мен прозасы туралы жылы сөздер айтылып, еске алынды. Ақынның өлеңдерін оның балалары, немерелері, «Магнит» ақындар клубындағы достары оқыды. Іс-шараның басты кезеңі – Ақынның «Соңғы бесжылдық» деп аталатын кітабының тұсаукесері болды. Кітап балаларының қаражатына басылып шығарылды. Кітапқа 1995-2000 жылдары жазылған таңдамалары енді, бұл кітапты ақын В.Г. Фетько көзі тірісінде жинақтап, әрленуіне дейін ойластырып, басылымға дайындаған екен.

Теміртаулық музыкант А.С. Великановтың ақынның өлеңдерін алғаш рет музыкаға салып, және де өзі осы іс-шарада орындағаны қала тұрғындары үшін ерекше сыйлық болды.

29 маусымда қайырымдылық іс-шаралар шеңберінде Шахтинск қаласының «Салауатты қоғам-2050» Мүгедектер Қоғамдық Бірлестігінің ұйымдастыруымен "Ерекше бақыт" атты фотосуреттер көрмесі ашылды.

60 фотосуреттен тұратын көрме бұл Қарағанды және Шахтинск қаласының кәсіби фотосуретшілерінің, бірнеше ай бойы мүмкіншілігі шектелген балалар мен олардың отбасымен фотосессия жүргізіп, суретке түсірген жұмыстарының нәтижесі. Көрменің мақсаты - даму ерекшелігі бар балалар өмірінің басқа дені сау балалардың өмірінен еш айырмашылығы жоқ екендігін көрсету. Бұл балаларда бақытты, сүйкімді де сүйікті!

Ашылу салтанатына «Денсаулық» балалар сауықтыру шипажайының тәрбиеленушілері, Сарань және Шахтинск қалаларынан келген қонақтар, фотосессияға қатысушылар өз ата-аналарымен, сонымен қоса Теміртау қаласы мүгедектерінің ерікті қоғамының және Теміртау қаласы білім Бөлімінің өкілдері қатысты.

Көрме Теміртау қаласы саңыраулар мәдениет Үйі және «Салауатты қоғам-2050» Мүгедектер Қоғамдық Бірлестігі ұйымдастырған концерттік бағдарламамен ашылды.

Ашылу салтанатында «Салауатты қоғам-2050» Мүгедектер Қоғамдық Бірлестігінің президенті және Теміртау қаласы білім Бөлімінің өкілі сөз сөйледі.

4 шілдеде астанамыздың 20 жылдығына арналған «Ғасырлардан жеткен қала- Астана» атты фотоочерк көрмесі ашылды.

Бұл көрме әдеттегідей көрме залында емес, музейдің қас бетіндегі үлкен терезелерде орын алды, былайша айтқанда көше форматында ұйымдастырылды.

Интеллектуалдық дамудың репетиторлық орталығының жазғы лагерінде дем алып жүрген балалар мен олардың ата-аналары көрменің алғашқы қонақтары болды. Олар альбомды парақтап, орта ғасырда пайда болған Бозоқ қалашығынан бастап бүгінгі заманауи кезеңге дейінгі суреттерді көре отырып, Астананың тарихымен танысты. Балалар ойын түрінде Астанада, ауысқан кезден бастап, бой көтерген мәдениет, спорт және сәулет нысандарын танып, оларды атап, бас қаламызды қаншалықты білетіндерін көрсетіп жатты.

9 тамызда музей қорының жинағынан «Табиғаттың ғажап жаратылысы» атты көрме ашылды.

Көрмеде Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде сақталатын 35 көркем өнер туындысы ұсынылды. Бұл туындыларды біріктіріп тұрған: олардың авторларының шығармашылық, көркемдік қиялынан туған табиғаттың ғажап көрінісі.

Олар әр кезеңде, ХХ ғасырдың 70-ші жылдарынан 2000 жылдар аралығында жазылған шығармашылық жұмыстар. Бұл туындылардың барлығын кезінде авторлары музейге сыйға тартқан. Олардың біреуі өткен ғасырдың 80-ші жылдарында біздің қаламызда болған югославиялық

делегациясының сыйлығы (Югославиялық Зеница қаласы Теміртау қаласының ағайынды қаласы саналған).

Көрмеде ұсынылып отырған туындылардың авторлары, суретшілер бүгінгі күнде де Теміртау қаласында мекендеп, қызмет етіп жүр. Бірақ өкінішке орай, бұл өмірден кеткендер де бар. Олардың шығармашылығы - қаламыздың көркем өнерінің дамуындағы өшпес із болып қалғанының айғағы. Олардың ішінде: Пильтихин Юрий Васильевич (1957г.), Темирьянов Гафур Ахматович (1935г.), Малецкая Елена Владимировна (1974 г.), Подлесных Михаил Степанович, Бабий Степан Иванович (1944), Шпилевая (Пашкова) Наталья Михайловна (1960г.), Литвинов Александр Алексеевич (1960 г.), Щеголихин Сергей Данилович. (1953 г.), Коломенская Галина (1976 г.), Беглянов Сергей

Торохов Сергей Николаевич (1944 - 2011 г.), Юдин Игорь, Осипенко Андрей Иванович (1927-2009гг.), Ирина Пономарёва – (1965 г.р.), Троценко Владимир - (1952 г.), Александр Пархоменко.

Суретшілердің шығармашылығы бояумен жұмыс жасаудың барлық әдістерін – біртегіс немесе бұлдыр көмескі акварельден сұңғаттық бедер майлы бояуға дейін толығымен көрсетеді.

17 тамызда Балалар жасөспірімдер театрында Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі «Рухани жаңғыру» Мемлекеттік бағдарлама аясында «Жауыртау-Теміртау» экспозициясын ашты.

Музейдің өлке тарихын зерттеудегі соңғы жылдардағы жұмысының нәтижесін көрсеткен экспозиция «Жауыртаудағы кездесу» форум фестивалінің алғашқы ғылыми практикалық конференциясын өткізуге негіз болды. Экспозицияның әрбір ақпараттық бөлімі, ХІХ ғасырдың ортасынан ХХ ғасырдың басындағы, бірегей этнографиялық жәдігерлермен толықтырылды.

Ғылыми –практикалық конференцияның барысында аға ғылыми қызметкер Жауыртау өткелінің тарихы туралы, тарихи-өлкетану музейі жинаған, бұрын –соңды жарық көрмеген, тарихи мәліметтерден тұратын баяндама жасады.

Теміртау музейінің зерттеу жұмысы «Жауыртаудағы кездесу» форум фестивалінің тақырыбына ғылыми негіздеме болып табылды.

7 қыркүйекте Теміртау қалалық тарихи өлкетану музейінде «Ғажайып бояулар әлемі» атты Ғ.Жұбанова атындағы өнер мектебінің, 40 жылдығына арнайы, оқытушылары мен оқушыларының көрмесі ашылды.

Теміртау қаласында өнер мектебі 1978 жылы ашылды. 17 жыл бойы жұмыс істеген соң, №1 Балалар музыка мектебімен бірігіп, Ғ. Жұбанова атындағы өнер мектебі деген жаңа мәртебеге ие болды.

Осы жылдарда мектеп қаншама түлектер шығарды. 18 жыл бойы ең үздік шығармашылық туындылар тарихи-өлкетану музейінде көрсетілді. Биылғы жылы 112 түлек мектепті тәмәмдап отыр. Бүгін көрме залында мектептің үздік оқушыларының 70-тен астам шығармашылық жұмыстары ұсынылды. Майлы бояумен салынған суреттер, гуашь, акварель,

графикалық жұмыстар, академиялық суреттерден майлы пастельге дейін, сәндік коллаждар, ағаштан ою түрінде жасалған туындылар өздерінің орындалу техникасы мен жанр жағынан сан алуандығымен зор әсер берді. Әсіресе, ерекше көзге түсетін бұл Ю.В. Соловьевтың жетекшілігімен, түлектердің қолынан шыққан мүсіндік композициялар. Музейге келушілер өмірден алынған тұрмыс-тіршілік көріністерін, ертегі кейіпкерлерін, жұмбақ фэнтези және құпияға толы ғарыш әлемін көре алды.

Биылғы оқу жылының дипломдық жұмыстары Соловьёва С.П, Сотник А.Я Карягина Е.С. и Градова Э.О, Пашкова Н.М., Пак И.Я, Рязанова В.Г., Самарцева Н.Д. сияқты оқытушылардың жетекшілігімен орындалды.

10 қыркүйекте Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Қазақстан Республикасының Тілдер мерекесінің 20 жылдығына арналған «Бабалар тілі – қасиетті мұра» атты тақырыптық экспозиция ашылды.

Ол екі бөлімнен құралды: бірінші бөлім ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тілдің қалыптасу процесін баяндаса, екінші бөлімі қазақ жазуының петроглифтан бастап, түркі руналық хаттардан бүгінгі латын қарпі негізіндегі қазақ әліпбиінің тарихын баяндайды. Экспозицияда XIX ғасырдың арабша жазылған Құран кітабы, XIX ғасырдың шіркеу-славян тілінде жазылған Евангелие, 1938 жылғы латын қарпін қолдана отырып толтырылған Жаңабергеновтың куәлігі мен мандаты, араб өрме жазуы басылған күміс монета дирхем сияқты бірегей жәдігерлер орын алды.

Мүмкіншілігі шектелген адамдардың ерекше сөйлеу түрін көрсету үшін көзі көрмейтін жандарға арналған кітап, олардың оқу және жазу қабілетін дамытуға арналған Брайль оқу құралы ұсынылды.

Экспозицияның ашылуына мектеп оқушылары мен қазақ тілі пәнінің оқытушылары қатысты.

29 қыркүйекте «Рухани жаңғыру» Мемлекеттік бағдарлама аясында «Жауыртау қыстағы» атты қазақ көшпенділерінің қыстағының тарихи қайта жаңарту өтті.

Бұл қайта жаңғыру Теміртау музейінің өлке тарихын, нақтырақ XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазіргі Теміртау қаласы аймағының тарихын зерттеудегі соңғы жылдардағы жұмысының нәтижесі болды.

Қыстақ тарихи кезеңнен дәстүрлі бірнеше бөлімнен құралды:

- үй іші жабдығы сол кезеңге сай жасалған, төбесіне шым төселген саман үй;
- малға арналған қаша;
- жүн тазалауға арналған орын және ши тоқуға арналған арнайы жабдық орнатылған бөлік;
- тағам жасауға арналған орын: оттағы қазан және далада қайнатылатын самаурын.

Қайта құрылған қыстақта кәдімгідей тіршілікті көруге болады, әрбір келуші қалауынша саман кірпіш жасап үйренуге, ши тоқуға, жүн тазалауға, самаурын қайнатуға мүмкіндік алды. Қыстақтағы жылқы мен қойды қалай бағып-қағу керек екендігін үйренуге де болады.

Суреттер мен құжат деректеріне сүйене отырып жасалған қыстақтың шаруашылық бөлімінен басқа, қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін көрсететін, Теміртау тарихи-өлкетану музей қорында сақталатын, бірегей жәдігерлер орын алды.

«Жауыртау қыстағы» атты қайта жаңарту «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде өткен «Жауыртаудағы кездесу» форум-фестивалінің интерактивтік бөлімі мен тарихи негіздемесі болып табылды.

5 қазанда қостанайлық фотосуретші Иван Мармалидидің «Құрама сурет» атты жеке көрмесі ашылады.

Теміртауға фотосуретші өзінің ерекше түрде орындалған 38 туындысын алып келді. Ландшафтық түсірілімдер, табиғат суреттемелер, сәулеттік композициялар, бейне суреттер – осының бәрін ақ-қара және түрлі түсті суреттерден көруге болады. Экспозицияда, әр түрлі уақыт аралығында жасалған, "Бейнелер", "Аяқ астындағы әлем", "Сәулет", "Менің Отаным Торғай", "Jazz Vomond" сериясының суреттері орын алды.

Көрменің ашылу салтанатында Қарағанды облысы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасының орынбасары Деспина Касапиди, Әкімшілік және қаламыздың шығармашылық бірлестіктерінің өкілдері сөз сөйледі.

Көрмені қаламыздың суретшілері мен фотосуретшілері, жастар клубының мүшелері, Политехникалық колледждің студенттері көріп тамашалады.

16 қазанда Рухани Келісім күніне арналған «Дін ХХІ ғасырдағы қауіпсіз әлем үшін» тақырыбында сұхбат алаңы өз жұмысын бастады.

Кездесудің қонақтары мен қатысушылары:

- Теміртау қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы Жүнүсова Динара Нұртайқызы;
- Теміртау қаласының ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін талдау және зерттеу орталығының басшысы - Қанаев Дәурен Шигениязұлы;
- ҚарМИУ студенттері мен оқытушылары;
- Теміртау қ. Жастар ресурстық орталығының өкілдері.

10-11 қазанда Астанада өткен ұлттық діни және әлемдік көшбасшылар VI съезінің аясында, радикализм мен экстремизмге жол бермеу, бейбітшілікті сақтау мәселелері көтерілді. Өте мазмұнды кездесу болды, қатысушылар діни лаңкестік туралы өз сұрақтарына теологиялық тұрғыда жауап алды.

VI съезде көтерілген мәселелер туралы, өзінің алған әсері туралы, осы съездің қатысушысы Қанаев Дәурен Шегениязұлы ой бөлісті.

Келген қонақтар дін мәселесіне қатысты заңнамалар, Қазақстанда өткен ұлттық діни және әлемдік көшбасшылар съездерінің тарихы, сурет және құжат материалдары ұсынылған „Заманауи кезеңдегі әлемдік діндер тарихы“ атты экспозициямен танысты. 60-тан астам ХVIII-XX ғғ. бірегей діни ғұрып заттары „Әлемдік діндер тарихы“ бөлімінде көрсетілді.

Теміртау қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы Жүнүсова Динара Нұртайқызы, бейбітшілік пен келісімді сақтауда, өскелең ұрпақтың алдында қандай міндеттер тұрғанын айта кетіп, кездесуді қорытындылады.

6 қарашада мерейтойлық думан өтті. 45 жылдыққа арнайы, келушілерді музейдің «1098 шаршы метрімен» таныстыру мақсатында, мерекелік бағдарлама ұсынылды.

Келген қонақтар төрт сағат бойы, музей, экспозициялары орналасқан, музейдің «1098 шаршы метрімен» танысты. Әрбір залда оларды тосын сый күтіп тұрды. Теміртаудың жаңа сауда белгілері, Ежелгі адамның киімі, Ежелгі еңбек құралдары, Кілем тоқу, Тарихи компьютерлік ойын, Музейлік мөр – тақырыбындағы жаңа интерактивтік аймақтар ұсынылды.

Көрме залында инсталляциялық көрініс және соңғы 5 жылғы жобалар көрсетілді.

Мерекелік бағдарлама бойынша белгіленген жерде, белгіленген уақытта, қызықты музейлік іс-әрекеттер болып жатты. Салтанатты түрде музейдің ең бірінші жәдігеріне арналған ескерткіш ашылды. Қонақтар музейлік қуыршақтар театрының көрінісін тамашалады, ретро жәдігердің іске қосылуына куәгер болды, твистерлік музейлік батлда өз күштерін сынады, тыйым салынған жерлерде суретке түсіп, этнографиялық шәйдан дәм татты.

Мерекелік той-думанға Қарағандыдан, Балқаштан және Ростовка поселкесінен келген қонақтар, қаламыздың тұрғындары мен студенттері, мектеп оқушылары, барлық жоғы 300-ден астам адам қатысты.

9 қарашада Александр Литвиновтың "Эклектика дәруіші" атты жеке көрмесі ашылды.

Салтанатты түрде, қызыл таспаны кесіп, суретші өзінің төртінші жеке көрмесін ашты.

Жиналған қонақтар соңғы бір жылда Архитектура, Портреттер, Гүл бейнесіндегі жауынгерлер, Дәруіштер, Нью және Сюжеттер тақырыбында жазылған 85 өнер туындыларын тамашалады. Олардың кейбіреуін Александр қайта жазып, танымастай етіп жаңартты.

Бұл жолғы туындылардың жазылу тәсілі бұдан алдындағы сурет салу мәнерінен айырмашылығы зор. Александр өте шығармашыл жан, әрдайым өз шығармашылығының жаңа қырындарын іздеп, техникалық тәсілдерін жаңартып отырады.

Ашылу салтанатында суретшінің достары әрі әріптестері Н. Пашкова мен С. Козодеров сөз сөйледі. Көрмедегі суреттермен келген қонақтарды таныстырып суретші бірінші экскурсияны өткізді.

29 қарашада ҚР Тұңғыш Президенті күніне арнап көшпелі инсталляция ашты. Бұл инсталляцияның ашылуы Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университетінің 55 жылдығына сәйкес келді, ҚМИУ түлектерінің бірі Президент Н.Ә.Назарбаев.

Инсталляция «Ұлт бәсекелестігі – халықтың әл-аухатын жақсартудағы басты жағдай» тақырыбында өткен X Халықаралық ғылыми-конференцияның бір бөлігі болды.

Инсталляция ҚМИУ оқу орнының ашылу кезеңінен бастап бүгінгі күндегі өміріне дейін баяндайтын 9 бөлімнен құрылды. Экспозицияда ЖОО –ның қалыптасуы туралы бірегей құжаттар, оның ішінде Н.Назарбаевтың Қазақстан ЛКЖО X съезіндегі Теміртау қаласында ЖОО ашу қажеттігі туралы баяндамасының стенограммасы да бар, зауыт –ЖТОО студенті және түлегі Н.Назарбаевтың жеке ісінен алынған құжаттар, студенттердің халықаралық еңбек акциялары мен Мәскеудегі Дүниежүзілік жастар және студенттер фестивалінің материалдары. Экспозицияны келесі жәдігерлер толықтырды: 1960-80 жж. студенттер мен оқытушылардың оқу құралдары, еңбек акцияларына қатысушылардың және жастар фестивалі делегаттарының арнайы киімі. Экспозицияны Дүниежүзілік карта аяқтап тұрды, ҚМИУ түлектері қай қалада, қай елде жұмыс істегендері және істейтіндері осы картада көрсетілді.

Конференцияның құрметті қонақтары экспозицияға жоғары деген баға берді, олар: Ел басының әріптесі, зауыт-ЖТОО түлегі, ҚР шет істерінің бірінші Министрі, ҚМИУ құрметті профессоры, ҚР төтенше және өкілетті елшісі, ҚР Президенті жанындағы мемлекетті басқару Академиясының профессоры, п.ғ.д., профессор Сүлейменов Т.С.; Ел басының әріптесі, зауыт-ЖТОО түлегі, ҚМИУ құрметті профессоры, техника және ғылым облысында ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, т.ғ.д., профессор Сәрекенов Қ.З., ҚМИУ ректоры, т.ғ.д., профессор Жаутиков Б.А., Ресей Германия, Голландия, Польша, Сирия ғалымдары.

Экспозицияны 520 адам тамашалап көрді.

23 қарашада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арнайы Теміртау тарихи –өлкетану музейі экспозиция ашып, «Уақыттан тыс тұлға» тақырыбында интерактивтік-танымдық экскурсия жүргізді.

Экспозиция үш залда орналасты, осы залдарда экскурсия жүргізілді. Әрбір зал Президентіміздің өмірбаянын айқын көрсететін жеке бір аймаққа айналды:

- «Балалық шақ» деп аталатын аймақта өткен күнге саяхатқа аттанып, «Шілдехана», «Ат қою» дәстүрлерімен, Президенттің ата шежіресімен танысты.
- «Мектеп жылдары және Жастық шақ» оқшауланған аймақта Елбасы қолданған мектеп оқу-құралдарын, пионер ұйымының атрибуттарын, оқу үлгерімінің табелін, комсомолдық жолдаманы көрді.
- «Ер жету» оқшауланған аймақта Президентіміз Н.Ә. Назарбаев туралы бірегей архивтік құжаттармен танысты. Мемлекет басшысының 1950-60-шы жылдарғы бөлмесінде болып, сол кезеңге тап болғандай ерекше бір әсер алды.

13 желтоқсанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» фото-галереясы ашылды.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы өз жұмысын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, 2017 жылы бастады. Жобаның мақсаты – Тәуелсіздік дәуірінде Қазақстанның дамуына зор үлес қосқан азаматтардың тарихы арқылы прагматизм мен білім, жетістікке жету, бәсекелеске қабілеттілік идеясын алға жылжыту.

Теміртау қаласынан 50-ден астам азамат ұсынылып, оның 11 Республикалық турға өтті. Олардың ішінде спортсмендер, қоғам қайраткерлері, мәдениет және білім саласының қызметкерлері. Жобаға қатысушылардың, Теміртау қаласының танымал азаматтары Әлібек Алпысбаевтың, Ақниет Балтабаевтың, Қазыбек Елегеннің, Ислам Бозбаевтың, Жанна Хасенованың, Наталья Скорикованың, Светлана Харченконың, Сергей Урываевтың, Алексей Ломакинның, Иван Георгиадидың және Мадина Сәлпенованың суреттері, жеке заттары экспозицияда көрсетілді.

2018 жылы «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының екінші кезеңі жұмысын жалғастырды. Бұл кезең еліміздің дамуына зор үлес қосқан, азаматтардың дарыны мен білімі, игі істері, ерен еңбегі, табысқа жету тарихы туралы баяндайды.

Экспозицияның ашылу салтанатында Теміртау қаласының бірінші классикалық лицейінің оқушылары қатысты. Оқушыларға «Қазақстанның 100 жаңа есімі» тізіміне ілігу үшін не істеу керек екендігі айтылды.

21 желтоқсанда «Мағынасыздық қисыны» көрмесінің ашылуы өтті.

40 тан астам өнер туындылары –мағынасыздық тақырыбында біріктірілді. Барлық шығармашылық туындылары бірінші рет көрсетіліп отыр, жылдың соңында өтетін есеп беру көрмесі үшін арнайы жазылған. Өз шығармашылығын суретшілер живопись, графика және аралас техника, коллаж түрінде ұсынды.

Тақырыбының ерекшелігі, еркін, шығармашылдық көңіл-күй көрмеге көптеген қауымды жинады. Ашылу салтанатында Политехникалық колледждің, «Мирас» колледжнің студенттері, қаламыздың суретшілері мен фотосуретшілері, туристік клубтың мүшелері жіне қала қонақтары қатысты.

2018 жылдың қорытындысы: Жасалған экспозициялар жоспарға сәйкес, үнемі жаңа материалдармен толықтырылып отырды, көркем шешуі мүмкіндігінше жаңартылды, жаңа тақырыптағы экспозициялар пайда болды. Сырттай экспозицияларда тасымалды фотопланшеттерді қолдану аудиторияның көлемін ұлғайтып, көзбен қабылдау деңгейін жақсартты. Экспозициялардың техникалық жабдықталуы жетілдіріліп отыр, проекциялық жабдықтың көмегімен видео экскурсиялар жүргізілді, бірақ сонда да қазіргі заманға сай музей құрал жабдықтары қажет, әр залда материалды толық жеткізетін ғылыми – танымдық фильмдер көрсететін видео орталықтар болса дейміз.

4. Ғылыми - қор және есеп-сақтау жұмысы.

Есеп беру мерзімі ішінде музей қоры **364** экспонатқа толықтырылды. 2018 жылдың соңында экспонаттардың жалпы саны – **23 251**, оның ішінде **негізгі қор – 17390, ғылыми-қосымша – 5 861**.

Қорға келіп түскен құнды жәдігерлер:

1. Қала тарихының «Қуғын -сүргін» бөлімі сурет-құжат материалдарымен,көлемді жәдігерлермен толықтырылды:
2. Келесі тақырыпта кешендер құрылды:
Н.Назарбаевты алғаш рет суретке түсірген фотосуретші А.А.Бондаренконың отбасылық архивінен келіп түскен суреттер
3. Теміртау қаласының саңыраулар және нашар еститін жандардың Мәдениет Үйінің тарихы
4. Қала тарихының «Теміртау қаласында медицина саласының дамуы» бөлімі көлемді жәдігерлер мен сурет-құжат материалдар жинағымен толықтырылды.
5. Букинистикалық бөлім XVIII ғ. кітаптарымен толықтырылды.
6. «Жауыртау» қыстағын жаңғырту бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмысы барысында 1980-ші жылдарға дейін қысқы көлік ретінде қолданған қолдан жасалған шана, киімдер қорға келіп түсті.
7. Туризм және спорт саласында жүргізілген ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмысы барысында музей қорына «Бескид» тау шаңғысы келіп түсті. Бұл Қарағанды облысында туризм және альпинизм негізін қалаған, Тянь-Шаньда, Памирда, Кавказда, барлық 700-дік деңгейде болып қайтқан Федоров Андрей Викторовичтің сыйлығы. Сонымен қатар, «Памир 89» марафонының қатысушысы Ш.Қ.Ромашкиннің туристік курткасы да сыйға келді.
8. Ұлттық валютамыздың 25 жылдығына орай музейдің нумизматикалық жинағын толықтыру мақсатында ҚР Ұлттық банкінен «proof» сапалы монеталар сатып алынды: руникалық жазба бөлігінің аясында түркі көсемі мүсінінің бейнесі орналасқан «КҮЛТЕГІН» монетасы, номиналы 500 теңге; Монетаның оң жағында гүлдеп тұрған сексеуілдің бір бұтағының ұлғайтқыш шыны арқылы көрінген бейнесі берілген, бұтақтың түсі тампомөр технологиясы арқылы орындалған «СЕКСЕУІЛ» монетасы, номиналы «500 ТЕҢГЕ»; тазы тұқымдас үш иттің алтындатылған бейнесі орналасқан. «ТАЗЫ» монетасы, номиналы «500 ТЕҢГЕ»; Ұлттық спорт ойыны көкпар бейнеленген «КӨКПАР» монетасы, номиналы «500 ТЕҢГЕ». Мерейтойлық нейзельберден жасалған «Сүйінші» монетасы, номиналы «100 ТЕҢГЕ»; Астананың 20жылдық мерейтойына орай мельхиордан жасалған «Астанаға 20 жыл» монетасы.
9. Музей қорының бейнелеу өнері бөлімінің жинағы, музейде өткен көрмелерге қатысқан суретшілердің сыйлығымен толықтырылды.
10. Балалар ойыншығының тарихын ғылыми-зерттеу барысында ойыншықтар жинағы жаңартылды: балалар тігін машинкасы, ойыншық қуыршақтар жиһазы, 1980 жылдарғы балалар шабаданы.

Қордың ғылыми толықтырылуы келесі бағытта жүргізіледі:

- қала тұрғындары мен қонақтарынан кітаптар, архивтік деректер, музейлік заттар қабылдау.
- Теміртау қаласының қалыптасу кезеңдерін көрсететін тарихи және өмірбаяндық сипаттағы деректер жинау.
- жеке заттар мен жинақтарды сатып алу.

Жөндеу жұмыстарына байланысты көптеген экспонаттар қайтадан өңделіп, жөнделді. Көрмелерде және басқа да жұмыстарда қолданылатын негізгі және ғылыми қосымша қор экспонаттарының саны –**11660**. Музей жұмысын насихаттау мақсатында экспонаттарды жинақтау және жинақтарды іріктеу үшін Теміртау музейінің жинақтарының тізімі құрылды. Негізгі қор цифрлі жүйеге енгізілді. Электронды тасымалдағышқа **6950** экспонат енгізілді. Жаңартуды талап ететін - **76** экспонат, жаңартылғаны - **80**. Жыл бойы жаңартылған экспонаттар көркем өнер, документалды және фото қорларына жатады.

Ай сайын қор қоймасын тазалау шаралары өткізіледі. Экспонаттарды құрғату және желпу бас қор сақтаушының белгілеген кестесіне сай орындалады

Қор қоймасы бірінші қабатта орналасқан. Бөлме екі есікпен жабдықтандырылған: темір және металл шыбықтан, терезесі металлмен жабылған және тор орнатылған. Жол картасы бағдарламасы бойынша жөндеу жұмыстары кезінде терезелер бекітілді. Көлемді экспонаттар металл стеллаждарда сақталады, нумизматика қоры – оргшыныдан жасалған кассеталарда немесе бөлінетіні бар қағаз конвертте, киімдер ілгіште ілулі бетінде. Қымбат металлдан жасалған заттар металл сейфте сақталады.

2018 жылы құжаттар сақталатын қорға жаңа шкафтар сатып алынды.

Қор қоймасының жағдайын жақсарту үшін стационарлық күзетті сигнализация орнату қажет, реттеу жүйесі бар ылғалдылық көрсеткішті орнына келтіру керек. Қор экспонаттарының жағдайы – қанағаттандырарлық. Қор қоймасындағы жабдықтар нормаға сәйкес келмейді. Экспонаттарды сатып алуға, металл шкафтар орнатуға мақсатты қаржыландыру қажет.

5. Жаппай ғылыми-ағартушылық жұмыс.

Есеп беру кезеңі аралығында мұражайда **31 ашық іс – шара** өткізілді. Олардың жартысы ірі қалалық көрме болса, жартысы мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналды.

18 қаңтарда "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарлама аясында «Алаш» партиясының қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлының 145 жылдығына, Мағжан Жұмабайұлының 125 жылдығына арналған «Аманат» тақырыбында дөңгелек үстел форматында іс-шара өткізілді.

Іс-шараға «Мирас» колледж студенттері қатысты. Тарихта өшпес із қалдырған ірі тұлғалардың өмірбаяны олардың жеке іс қағаздарын зерттеу арқылы жүргізілді. Студенттер үшін бұл өте қызық болды. Олар архивтік құжаттармен жұмыс жасауды үйренді. Әрбір қатысушыға, алғаш рет жарық көріп отырған архивтен алынған, Ахмет Байтұрсынұлы мен Мағжан Жұмабайұлының өмірінде орын алған тарихи фактілер мен оқиғаларды сипаттайтын бірегей құжаттар мен фотосуреттер ұсынылды. Біріншіден әрине, саяси және кәсіби қызметін сипаттайтын. Көптеген құжаттар осы уақытқа дейін құпия болып келді, тек 2017 жылы астанадағы Ұлттық архивте алғаш рет жарық көрді.

23 қаңтарда "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламасы, «Ұрпақтардың жанды байланысы» жобасы аясында Теміртау қаласының Құрметті азаматы, алғашқы құрылысшылардың бірі Үкен Тұрмағамбетовке және Қазметаллургстрой трестінің 75 жылдығына арналған «Тасқалаушы туралы поэма» атты еске алу-кездесу кеші өткізілді.

Теміртау қаласының тарихы залының «Еске алу» бөлімінде өткен іс-шара ерекше әсер берді. Бұл бөлімнің экспозициясында көрсетілген жәдігерлердің көптен бір бөлігі Тұрмағамбетовтер отбасының жеке заттары. Суретші М.С. Подлесных салған, қала тұрғындарына танымал құрылысшының бейне портреті экспозицияда ерекше орын алды.

Ү. Тұрмағамбетовтың адами қасиеттері туралы, ерен еңбегі туралы тас қалаушының қызы Қалия Үкенқызы баяндады. Бұл естеліктер Қазақ телевидениесі түсірген тарихи хроникалар мен документалды бейне фильмдермен сүйемелденді. Іс-шараға Қалалық ақсақалдар кеңесінің мүшелері мен политехникалық колледждің құрылысшы мамандығына оқып жүрген студенттері қатысты.

14 ақпанда «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында, Теміртау қаласының нашар еститін және саңырау жандарға арналған мәдениет Үйінің 40 жылдығына арналған іс-шара өтті.

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі дайындаған тарихи экскурс іс-шараның ерекше бөлімі болды. Теміртау қаласының саңыраулар мәдениет Үйінің пайда болу және даму тарихы – бұл ұзақ уақыт бой облыстық және қалалық архивтерде жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі. Музейден сыйлық ретінде ерекше «Ымдау» атты тарихи экспозиция ұсынылды.

Облыстық мәдениет департаментінен, Теміртау қаласының әкімшілігінен, Теміртау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінен, қаламыздың шығармашылық ұжымдарынан құттықтау сөздер айтылды.

15 ақпанда «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ауғанстан жерінен Кеңес әскерлерінің шығуына 25 жыл толуына арналған «Ауғанстан: 29-шы көктем» тақырыбында интернационалист - жауынгерлермен кездесу өтті.

Ауған демократиялық республикасындағы ішкі қарама-қайшылықтар туралы тыңдап болған соң №6 орта мектеп оқушылары интернационалист – жауынгерлерге өзекті сұрақтар қойды: Ауғанға баратындарын білдіме, алғашқы шайқас естерінде ме, «моджахедтер» және «душмандар» деген кімдер? Сол соғыстың куәгерлері Бисолтанов Е.К., Глаголев В.С. и Арещенко С.И. өз естеліктерімен бөлісіп, балалардың барлық сұрақтарына жауап беріп, ордендері мен басқа да марапаттарға не үшін ие болғаны туралы әңгіме қозғады.

1 наурызда Алғыс айту күніне арналған "Жүрек жылуы" жобасының ашылуы өтті.

«Жүрек жылуы» жобасының аясында кәріс ұлт өкілдерімен кездесу өтті. Іс-шараға 1937 жылы жер аударылған жандардың ұрпақтары-қаламызға белгілі кәріс отбасылары шақырылды. Цхай Мария Михайловна (Балалар ауруханасының бас дәрігері болған), Цхай Эрих Валентинович ("Испат-Кармет" орталық технологиялық лабораториясы басшысының орынбасары қызметінде болған), Нью Элла Черсановна (Теміртау қаласындағы кәрістердің "Кореяна" этномәдени бірлестігінің алғашқы жетекшісі болған), Цой Вера Алексеевна (Теміртау қаласындағы кәрістердің "Кореяна" этномәдени бірлестігінің жетекшісі). Олар, Қазақстан екінші отанына айналған, туғандарының қайғылы тарихын жеке архивінен алынған суреттер, құжаттар, жеке заттары арқылы баяндады. Бұл бес отбасының заттары «Менің екінші отаным» атты экспозицияның негізін құрады.

Кездесуге келесі қонақтар да шақырылды – ішкі саясат бөлімінің бас маманы Аимбетова Әсемай Мұратовна, «Еңбек Даңқы» орденінің кавалерлері Захаров Сергей Германович және Ибраев Мұрат Қажыкәрімұлы, Политехникалық колледжің студенттері, "Кореяна" этномәдени бірлестігінің өкілдері.

13 наурызда Наурыз мерекесіне арналған «Жаңа күннің құпиялары» тақырыбында квест өткізілді.

Квест музейдің бес залында өтті. Дәстүрлі наурыз үстелін жаю туралы тапсырма алып – балалар сандықты ашты, ол жерден карта алып, кортада, көрсетілген жолмен негізгі локациялар бойынша аттанды. Олар „Наурыз“ тақырыбындағы космогендік ою-өрнек жинап, киіз үйдің күн сағатын зерттеп, 6 сынақтама қадамнан өтіп, сұрақтарға жауап беріп, наурыз көже дайындап, жасырынған құпия сөздерді шешіп, асық ойнады. Әрбір тапсырма музей жәдігерімен байланысты, бірақ олармен танысу тапсырмаларға дұрыс жауап бергенде ғана мүмкін болады. Нәтижесінде жеті затты жинап, мерекелік наурыз үстелін жайды.

Квесте №24 орта мектептің төртінші сыныбы қатысты. Тақырыптық ойын түрінде өткізілген квест балаларға өз білімдерін қолдана отырып тапсырмаларды орындап, ойдағыдай аяқтауға мүмкіндік берді.

Квест екі апта бойы өткізіледі. Осы уақыт аралығында жазылу бойынша 1200 адам қатысады деп жоспарлануда.

14 наурызда «Қуыршақтар өнері» жобасының аясында «Наурыз той музейде» атты іс-шара өтті.

Іс-шара қуыршақтар театрының көрінісі түрінде өтті. Экскурсия жүргізуші ролін Айбатыр және Қарашаш есімді қуыршақтар ойнады. Жәдігерлермен жұмыста жасалды. Қонақтар қуыршақтармен бірге қазақ халқының салт-дәстүрімен танысты. «Қазақстан халқының бірлігі» залында балалар қуыршақтармен бірге жеті тағамнан тұратын дәстүрлі дастархан жайды (жәдігерлер қолданылды). Қуыршақтар өздерінің ұлттық костюмдері жайлы, Наурыз тойды қарсы алу дәстүрі жайлы және қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптары жайлы баяндады.

Іс-шара барысында балалар қуыршақтармен бірге наурыз көже дайындауды үйренді.

Іс-шараның соңында қуыршақтар қазақ ұлттық ойындар туралы әңгімелеп, «Қамшы» ойынын ойнады.

2 сәуірде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қала тұрғындарына және оқушыларға арналған «Индустриализациялау жылдарындағы Самарқанд елді мекені» атты іс-шара өткізілді.

Іс-шара интерактивтік кезеңдермен толықтырылған экскурсия түрінде өтті. Өткізілу барысында ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарында Қазақстанда өткен индустриализациялау кезеңі өлкеміздің тарихы арқылы баяндалды. Ісшараға қатысушылар арнайы қонысаударушы-суретші Н.М. Киселевтың балалық шағының естеліктері бойынша тәлкілену мен аштық жылдары туралы, жер аудару және Осакаровка ауданындағы №13 нөмірлік ауылдағы өмір туралы салынған суреттерімен танысты.

Қатысушылар пайдалы қазбаларды өз бетімен анықтап, оларды қай салада қолданатынын анықтады. Қ.Сәтбаевтың Орталық Қазақстандағы экспедициясы туралы әңгімеленді. Индустриализация жылдарында Самарқанд елді-мекеніндегі өнеркәсіп нысандарының құрылысы туралы толық ақпарат берілді.

Іс-шараның соңында сауатсыздықты жою мәселесі туралы айтылып, әр түрлі суреттердің арасынан жиырмамыншы ғасырдың 30-шы жылдарындағы Самарқанд елді мекенінің көрінісін анықтау туралы викторина ұсынылды.

12 сәуірде Ғарышкерлер күніне және В.Терешкованың ғарышқа қшқанына 55 жыл толуына арнайы арналған «Әйелдер ғарышы» ашық іс-шара өткізілді.

Жарты ғасырлық тарихы бар Ғарышты бағындырған әлем әйелдері туралы фото және бейне материал мультимедиялық форматта баяндалды. Қатысушыларға ғарышпен байланысты заттармен жұмыс жасау ұсынылды. Олар күнделікті өмірде қолданылып жүрген ғарыш зерттеулерінің нәтижелерінің жаңа қырымен танысты.

Іс-шараға қала мектеп оқушылары, республикалық телеканалдар мен қалалық БАҚ өкілдері қатысты.

18 сәуірінде Мемлекеттік "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында, «Қазақстан Магниткасы – бүкілодақтық екпінді комсомол құрылысы» деп жариялануына 60 жыл толуына орай (сәуір 1958 жыл – БЛКЖО XIII съезі), интерактивтік тарихи қайта жаңғыру өткізілді.

Алғаш рет Қазақстан Республикасы мен Теміртау қаласының тарихы қайта жаңғырды. 1958 жылы сәуірде БЛКЖО 13 съезінде Қарағанды металлургиялық зауытының құрылысы Бүкілодақтық екпінді комсомол құрылысы деп жарияланды! Мыңдаған қыздар мен жігіттер комсомол үндеуіне құлақ түріп, Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен Қазақстандық Магниткаға жол тартты. Жас құрылысшылардың күшімен жас қала мен республикамыздың қара металлургия алыбының кірпіші қаланды, бұл жағдай қала тұрғындарының ұлттық құрамының сан-алуан болуына себебін тигізді, Президент Н.Ә.Назарбаевтың еңбек жолының бастамасына айналды.

Реконструкцияның алғашқы қатысушылары 1950-шы жылдарға тап болып, өздерін Қазақстан Магниткасының құрылысшыларындай сезінді. Қорда сақталатын суреттер және бейне материалдарға сүйене отырып, музей қызметкерлері бес тарихи аймақ: "Комсомол комитеті", "Хрущевка", "Шатырлы қалашық", "Құрылыс алаңы" және "Жазғы кинотеатр". Бір экскурсияның барысында музейге келушілер 1950-шы жылғы комсомол жастарының жолымен жүріп өтті: комсомолдық жолдама алып, жолға шабадан жинап, шатырлы қалашықта орналасып, жаңа маман иесі атанып, социалистік жарыстарға қатысып, жазғы кинотеатрға барып демалады.

Оқиғаның қайта жаңғыруында музей жәдігерлері мен 1950-шы жылдардағы Теміртаудың тарихи хроникасы қолданылды! Тарихи қайта жаңғыруда колледж студенттері мен БАҚ өкілдері қатысты.

27 сәуірде Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған «Мәдени мұра ұлттық костюм арқылы» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Музей бірнеше жыл бойы «Ұлттық костюм тарихы» жобасының аясында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, Теміртау қаласында тұратын халықтардың дәстүрлі костюмдерін зерттеп, қайта жаңғыртумен айналысады.

Іс-шара дәстүрлі дефиле түрінде өтті. Биыл қазақ халқының әйелдер және ерлер костюмдері зерттеліп, тігілді. Құжаттарға және фотоматериалдарға сүйене отырып, ХХ ғасырдың басында Орталық Қазақстан аймағында киілген костюмдер, элементтерін сақтай отырып, қайта жасалды. Көстюмдердің пішімі, кестелеп әрленуі егжей-тегжейлі көрсетілді.

Іс-шараға Теміртау қаласындағы "Мирас" колледжінің студенттері мен №21 мектеп оқушылары қатысты. Сонымен қатар республикалық және қалалық теледидар өкілдері болды.

4 мамырда Отан қорғаушылар күніне арналған «Майдан құжаттары сөйлейді» атты іс-шара өткізілді.

Іс-шараның негізінде Ұлы отан соғысына қатысқан жерлестеріміздің ерлігі туралы, олардың марапаттары туралы әңгіме қозғалды. Біздің аталарымыздың жанқиярлық ерлігі мен қаһармандығының үлгісінде Отанымызға деген құрмет және жас теміртаулықтардың отансүйгіштігі қалыптасады.

18 мамырда сағат 11.00-де Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің алаңында Халықаралық музейлер күніне арналған «Жәдігер салтанаты. Электроқала» атты іс-шара өтті.

Салтанаттың басты кейіпкері – электроприборлар, барлық іс-әрекет солардың айналасында болды.

Іс-шараның орталығында – «Электромагия» деп аталатын музей қорының жәдігерлерінен және жеке азаматтардың жинағынан тұратын экспозиция орналасты.

Музей ғимаратының алдында 8 шығармашылық алаң жұмыс істеді. Мерекеге келген қонақтар Ғ.Жұбанова атындағы өнер мектебі оқушыларының абажурды бояумен көркемдеу шеберлігін көре алды. Қалауынша электрші мамандығын игеріп, электрозертханасында тәжірибе де жүргізе алды, сонымен қатар дизайнер, мүсінші, суретші рольдерін де меңгеріп көрді. Электротоқтың тарихымен таныстыратын танымдық – ойын алаңы да қызмет көрсетті. Өнер сүйгіш қауымға "GUITAR GALAXY" музыкалық студиясының орындауында электрондық композициялар орындалды, "Бэби-Шлягер" балалар үлгілі эстрадалық студиясының орындауындағы әндер де тамаша әсер қалдырды.

Іс-шараға 180 –ге жуық адам қатысты, сонымен қатар республикалық және жергілікті БАҚ өкілдері де болды.

12 маусымда Теміртау музейінің авторлық жобасы бойынша «Музей қалашығы» атты интерактивтік- дамыту мерекесі өтті. Бұл жылғы мереке тақырыбы **"Алтын бесік"** - ұлан байтақ туған жерге арналды.

Біздің қалашығымыздың қонақтары – бұл мектеп жанындағы лагерлердің балалары, бала-бақша балалары, және де Теміртау қаласының үлкен-кіші тұрғындары үлкен тойға тап болғандай. 13 шығармашылық алаңдарында музей жәдігерлері арқылы салт-дәстүрлермен танысып, интеллектуалдық- ойын тапсырмалары арқылы ел тарихымен танысып, ұлттық ойындар ойналып, ұлттық билер биленді. Мерекеге қатысушылар үлкен құрақ көрпе жасады, бұл көрпе мерекеге арнайы жасалған киіз үйдің сәніне айналды. Мыңнан астам чемпиондық кубоктар сазбалшықтан жасалып, әрбір бала өзінің ғарыш кемесін құрастырып, оларды Байқоңыр ғарыш айлағынанан ұшыртты. Ал өздерінің жүректеріндегі тілектерін Тілек ағашына жеткізді.

Музей қалашығында барлығы 1000 -нан астам адам қатысты

1 маусымда Астанамыздың 20 жылдығы қарсаңында, мектеп жанындағы лагерлерде демалатын балаларға арнап, «Астананың

жоғалған сыйлығы» атты интерактивтік-танымдық квест ұйымдастырды.

Бұл квест форматында өткізілетін іс-шарада интеллектуалдық тапсырмалар шешіліп, жәдігерлермен жұмыс жасалады.

Музей залдарында әр түрлі уақыт аралығын көрсететін бес локация орналасқан. Әр топқа, сыйлықтың бөліктері ұшып кеткен жылдарды көрсететін уақыт шкаласы беріледі. Олар осы шкала бойынша жүріп отырып, әр түрлі ғасырларда болып, тапсырмалар орындап, сыйлықтың бөлшектерін жинайды.

Бірінші локацияда мыңдаған жылдар бұрын орта ғасырларда Астананың орнында болған Бозоқ қалашығы туралы айтылады. Оның атауын археологиялық қазба жұмыстарын жасай отырып табады. Балалар құмнан құмыраның бөлшектерін қазып алып, бөлшектерден Бозоқ деген сөзді құру керек.

Келесі локация 1830 ғасырдағы Ақмола қаласы. Тарихи анықтама алған соң, балалар жұмбақтар шешіп, сол жұмбақтардың жауабында жасырынған заттарды тауып, осы локацияда орналасқан жәрмеңкеге жинайды.

Үшінші локацияда 1963 жылға тап болады. Бұл жерде Целиноград қаласы, тың игеру туралы әңгімеленеді. Ұсынылған азықтардың ішінен нан пісіруге қолданатындарын таңдап алып, сазбалшықтан түрлі тоқаш-нан жасайды.

Төртінші локация 1990 жылдарға арналады. Қазақстанның астанасының ауысуы туралы, атауының өзгеруі туралы ақпарат, құжаттар көрсетіледі.

Үлкен экраннан балалар заманауи астанаға байланысты тапсырмалар орындайды: Астананың таңбасын, қандай қоғамдық көліктің ол жерде жүрмейтінін, Көптеген көркем нысандардың ішінен «Қазақ елі» монументін анықтайды.

Бесінші локацияда балалар командаға бөлініп, дөңгелек құрсауға кіріп, үш бағытта аттанады. Жолдар әр түрлі тапсырмаға алып келеді: пазл жинау, ребус шешу, астанамыздың көрікті нысандарын анықтау.

Әр локацияда балалар сыйлық алады. Барлық локациядан өткен соң, осы бөлшектерден сыйлық – Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің эмблемасын – жинайды.

18 маусымда «Музейлік детектив» тақырыбында интеллектуалдық-танымдық квест ашылды.

мақсаты: жәдігерлер мен тапсырмалар арқылы полиция қызметімен таныстыру.

Музей залдарында үш бөлім жұмыс істеді – тергеу бөлімі, криминалистік лаборатория, полиция учаскесі. Әрбір топқа саяхат картасы ұсынылды. Тапсырманы дұрыс орындағандары үшін ізденістегі қылмыскердің фотороботтың бөлшектері берілді. Экскурсия соңында оларды жинақтап, толық сурет шығару қажет.

Тергеу бөлімінде тергеуші қызметінің қыр-сыры баяндалып, қор заттарының күшімен өзіңді танымастай етіп өзгерту ұсынылды. Екінші

тапсырмада олар бар заттарды есте сақтап, кейіннен солардың ішінен жоғалғанын анықтап, өздерінің есте сақтау қабілетін тексерді.

Полиция учаскесінде олар айғақтармен жұмыс жасап, табылған хаттың қай тілде жазылғанын анықтап, 5 ақ заттың түріне қарап олардың не зат екенін анықтады.

"Криминалистік лаборатория" бөлімінде криминалистер туралы естіп, презентация арқылы интерактивтік тапсырмалар орындау арқылы олардың қызметінің ерекшеліктерімен танысты. Бұл жерде іздерді анықтап, иіс сезу қабілеттерін тексеріп, дыбыстар, дауыстар арқылы қандай аңдар екенін анықтады.

Барлық бөлімнен өтіп балалар полиция учаскесіндегі инсталляцияда фотороботты жинап, өздері естелікке суретке түседі.

12 шілдеде Metallургтер мерекесіне арналған, «Gefest game» интерактивтік-танымдық ойынның тұсау кесері өтті.

Бұл жобаның мақсаты: қаламыздың жас тұрғындары мен қонақтарын металлург қызметінің қыр-сырымен және Теміртау қаласындағы Металлургиялық комбинаттың тарихымен таныстыру. Бұл таныстыру мақсаты ерекше форматта ұйымдастырылды.

Жобаға қатысушыларға 30 тапсырмадан тұратын сұрақ қағаздары таратылды: ребусты, жұмбақты шешу, затты көлеңкесіне қарай анықтау. Бұл тапсырмалардың жауабы – музей қорында сақталатын жәдігерлер: жұмысшының арнайы киімі, еңбек құралдары, металдан жасалған заттар, суреттер мен муляждар. Бұл заттарды жауабына қарай сәйкес келетін ұяшыққа орналастыру қажет. Әрбір ұяшықтың нөмірі тапсырма нөміріне сәйкес.

Алғашқы қатысушылар жазғы репетиторлық орталықта дем алып жатқан балалар және олардың ата-аналары болды.

Өте қызықты түрде өткен ойын балаларға қатты ұнады. Олар Теміртау қаласындағы металлургиялық істің тарихымен егжей-тегжейлі танысты.

Интерактивтік-танымдық ойын музейге келушілер үшін екі ай бойы жұмыс істеді.

28 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл толуына орай Теміртау тарихи-өлкетану музейінде 5516 әскери бөлімшесінің әскери қызметшілеріне арнайы «Конституция – тәуелсіздік тірегі» атты іс-шара өткізілді.

Мультимедиялық мүмкіндіктердің арқасында 5516 әскери бөлімшесінің әскери қызметшілері Қазақстандық конституционализмнің идеясы туралы баяндайтын архивтік құжаттармен, суреттермен танысты. Ата заңымыздың бастамасы сонау ғасырлар түкпірінен басталады, XV - XVIII ғасырлардағы "Қасым ханның қасқа жолы" жинағы, "Есім ханның ескі жолы" және Тәуке ханның "Жеті жарғысы".

Бұл жерде Алаш Конституциясын (жоба) ерекше атап өту керек. Экскурсияны Қазақстанның конституциялық құрылысының тарихы, жарық көрген бес Конституциясы, оның ішінде бүгінгі күнде күші бар 1995 жылғы 9

тараудан және 98 баптан тұратын Конституциясы туралы баяндайтын экспозициялық материалдар толықтырды.

10 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Тілдер мерекесінің 20 жылдығына арналған «Тіл академиясы» атты ашық іс-шара өткізілді.

Мультимедиялық мүмкіндіктердің арқасында, интерактивті- танымдық ойындар, тіл туралы сынақтамалар арқылы №8 қазақ орта мектеп оқушылары сонау ежелгі жартас суреттері мен түркі руналық жазудан басталатын тарихи қазақ жазуы мен қазіргі латын қарпі негізіндегі заманауи қазақ жазуының тарихымен танысады.

Ежелгі адамның бейнесіне еніп, көсемге хат жазып, «Тіл» мұнарасын салып, руналық және араб әріптерін жазып, көзі көрмейтін жандарға арналған әліпбимен танысып, саңырау әрі мылқау жандардың тілінде сөйлеп көреді.

Іс-шара барысында балалар қаламыздың алғашқы құрылысшыларының бірі М. Жаңабергеновтың 1938 жылы латын қарпін қолдана отырып толтырылған құжаттарымен, А. Байтұрсыновтың «Төте жазу» әліпбиімен, «Яналиф» ортақ түркі әліпбиімен, сонымен қатар ХІХ ғасырда арабша жазылған Құран кітабымен, ХІХ ғасырда шіркеу-славян тілінде жазылған Евангелиемен, раб өрме жазуы басылған күміс монета дирхеммен, сапасы «proof» «Тамғалы петроглифы» монетасымен танысты.

20 қыркүйекте «Назар аударыңыз, сізді камера түсіруде!» атты сұхбат түрінде ашық іс-шара өткізілді. Бұл іс-шара біздің мемлекетімізде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың талабымен атап өтілетін Еңбек күніне арналды.

Музейде төрт жыл бойы «Мың түрлі мамандық» тақырыбында ұзақ уақытқа мақсатталған жоба жүргізіледі. Бұл жобаның мақсаты Теміртау қаласының тұрғындарына қаламызда сирек кездесетін маман иелері туралы айтып, олармен таныстыру. 2018 жылы жоба аясында мамандығы теледидармен байланысты адамдар жайында материалдар жиналды.

Жыл бойы жиналған материалдар: суреттер, құжаттар, марапаттар «Экранның екі қыры» атты экспозицияда көрсетілді. «Тележабдықтар» деп аталатын арнайы бөлімде, "43 телеканал" және "Сфера" телеканалдарында бағдарламалар жасау үшін қолданылған, 90-шы жылдардағы телеаппаратура ұсынылды, сонымен қатар «КВН», «Рекорд», «Радий» деп аталатын өткен ғасырдың ескі теледидарлары да орын алды.

«Музей телеканалы» интерактивтік бөлікте әркім өзін тележүргізуші ролінде сынап көрді.

Іс-шараның басты қонақтары - журналист Чуднецова Анжелика, видеооператор Пороховой Владимир, видеомонтажёр Жанна Карташова, телередактор Фролова Лидия өз кәсіби шеберліктерінің сырымен бөлісті. Іс-шараның өткізілу формасы «Мирас» колледжнің студенттері мен Теміртау Жастар клубының белсенділеріне кәсіби тұрғыда сұрақтар қойып, ой бөлісулеріне мүмкіндік берді.

Іс-шараға теміртаулық теледидар құрушылар Завацкий Евгений (43канал) және Пашин Игорь(ТВ-29) қатысты.

23 қазанда «Музейлік ассоциациялар» жобасының аясында «Сандалдағы тарихтар» атты экспозиция ашылды.

Алты айдың ішінде музей «Әжелеріміздің балалық шағы» тақырыбында қалалық акция жүргізді, нәтижесінде 95 жәдігер және көптеген балалар туралы оқиғалар жиналды. Жиналған материалдың және қор жинағының негізінде ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіліп, нәтижесінде «Сандалдағы тарихтар» экспозициясы ұйымдастырылды. Экспозицияның тақырыбы, жиналған оқиғаларда, заттарда баяндалған тарихтардың кейіпкерлері сандал киіп жүрген балалық шақтан шығады.

Балалардың қызығушылығын және жиналған заттарды талқылай келе экспозиция 3 бөлімге бөлінді:

- Бірінші бөлім бірнеше ұрпақтан өткен көше ойындарына арналды. Келушілердің біразы «құпиялардың» не екенін есіне алып, ал жастар болса танысып жатты.
- Екінші бөлімде теміртаулықтар дүкендерден сатып алған немесе өздері қолдан жасаған үстел ойындары көрсетілді. Интерактивтік бөлімде келушілер «Жылан» "Тетраэдром" деген сияқты заттарға басын қатырып, қағаздан кеме жасап үйренді.
- Үшінші бөлім құпиялар мен үрейлерге толы «Әженің шкафы» атты инсталляция. Шкаф көбіміз үшін тығылыспақ ойнайтын сүйікті жерлердің бірі. Ата-аналар балаларды жалғыз қалдырып кетсе, шкаф бір сиқырлы әлемге айналатын. Экспозициядағы шкаф балалық шаққа тап болуға мүмкіндік беретін интерактивтік сәттерге толы. Аналарымыздың киімдерін киіп көріп естелік суретке түсесіз. Сонымен қатар, әрбір келуші шкафта балалардың түсінігіндегі қарапайым заттарды балалар «лайфхактарын» таба алады. Жиналған материалдардың басы біріктіріліп, теміртаулықтардың естеліктерінен тұратын кітапша басылып шығарылды.

Іс-шараға ҚМИУ 2-ші курс студенттері, қала тұрғындары, облыстық және қалалық БАҚ өкілдері қатысты. Ашылу барысында келген қонақтар теміртаулықтардың бірнеше ұрпақтағы балалар оқиғаларымен, ойыншықтарымен, үстел ойындарымен және көше ойындарымен танысты.

16 қазанда Рухани Келісім күніне арналған «Дін ХХІ ғасырдағы қауіпсіз әлем үшін» тақырыбында сұхбат алаңы өз жұмысын бастады.

Кездесудің қонақтары мен қатысушылары:

- Теміртау қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы Жүнүсова Динара Нұртайқызы;
- Теміртау қаласының ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін талдау және зерттеу орталығының басшысы - Қанаев Дәурен Шигениязұлы;
- ҚарМИУ студенттері мен оқытушылары;
- Теміртау қ. Жастар ресурстық орталығының өкілдері.

10-11 қазанда Астанада өткен ұлттық діни және әлемдік көшбасшылар VI съезінің аясында, радикализм мен экстремизмге жол бермеу, бейбітшілікті сақтау мәселелері көтерілді. Өте мазмұнды кездесу болды, қатысушылар діни лаңкестік туралы өз сұрақтарына теологиялық тұрғыда жауап алды.

VI съезде көтерілген мәселелер туралы, өзінің алған әсері туралы, осы съездің қатысушысы Қанаев Дәурен Шегениязұлы ой бөлісті.

Келген қонақтар дін мәселесіне қатысты заңнамалар, Қазақстанда өткен ұлттық діни және әлемдік көшбасшылар съездерінің тарихы, сурет және құжат материалдары ұсынылған „Заманауи кезеңдегі әлемдік діндер тарихы“ атты экспозициямен танысты. 60-тан астам XVIII-XX ғғ. бірегей діни ғұрып заттары „Әлемдік діндер тарихы“ бөлімінде көрсетілді.

Теміртау қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы Жүнүсова Динара Нұртайқызы, бейбітшілік пен келісімді сақтауда, өскелең ұрпақтың алдында қандай міндеттер тұрғанын айта кетіп, кездесуді қорытындылады.

15 қарашада Ұлттық валютамыздың мерей тойына арналған "Теңге тарих қырынында" фестивалі өтті.

Фестивальдің бірінші қонақтары "Мирас" колледжнің студенттері болды, олар ұлттық валютамыздың тарихындағы 25 қызықты деректермен танысып, теңге туралы құпияларды ашты.

Нумизматикалық лабораторияда келушілер екі мыңдық ақшаны алып, эксперттердің көмегімен олардың қорғаныс дәрежелерін анықтады.

Фестивальдің қонағы Яковлев Александр Эдуардович ресейлік жинақшының атынан музейге 7 күміс монетаны сыйға тартты.

Іс-шара барысында ерекше әсер қалдырған сәт – «proof» сапалы жаңа күміс монеталарын көрсету болды. Бұл монеталарды музей ұлттық валютаның 25 жылдық тойына арнайы сатып алып, музейдің нумизматикалық жинағын едәуір толықтырды.

16 қарашада "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламасы аясында, ұзақ мерзімге бағытталған "Туған жер" жобасының шеңберінде «Теміртау қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ ұйымдастырған тарихи зерттеулер бойынша Қалалық сайыстың қорытынды кезеңі – «Тарих проекторы» атты Ғылыми – практикалық конференция өткізілді.

«Тарих проекторы» атты тарихи зерттеулердің қалалық сайысы 2018 жылдың 1 қазанында басталды. Бұл сайысқа 12 қалалық мектептер қатысып, 22 тарихи жоба ұсынды. Зерттеушілердің жас шамасы 15 жастан 20 жасқа дейін.

Сайыс қатысушыларының міндеті «Теміртаудың бастамасында», «Тоталитаризм дәуірі менің отбасымның тарихында», «Отбасылық атамұра», «Айбын мен ерлік» тақырыптары бойынша тарихи зерттеулер жүргізу болды.

Эксперттік комиссияның шешімі бойынша сайыстың қорытынды кезеңіне 9 жоба өтті. Бұл жобаларды қорғау Ғылыми-практикалық конференция барысында өтті.

Бағалаудың негізгі шарттары: тарихи зерттеудің тереңдігі мен кеңдігі, құжаттар мен фотоматериалдардың қолданылуы, ерекше көзқарас, безендірілу сапасы.

Теміртау қаласының тарихын өз отбасының тарихы арқылы жеткізген №1Қалалық гимназия оқушысы Стариковская Алина сайыс жеңімпазы атанды. Зерттеу жұмысы отбасылық фотоальбомның негізінде жүргізілді, сонымен қоса отбасылық және архивтік құжаттармен толықтырылып, ХХ ғасырдың басынан қамтитын тарихты жеткізе білді.

Екінші орынға партия қайраткері, металлург Т.С. Смағұловтың өмірбаяны бойынша зерттеу жұмысын жүргізген Ғ.Мұстафин атындағы қазақ мектебінің оқушысы Әлімбаева Әсел ие болды. Ал үшінші орын №2 жалпы білім беретін мектеп оқушылары Байбекетова Әсел мен Түрікпенбаева Әйгерімге тиді. Олар бүгінде Бастапқы Әскери дайындық пәнінен сабақ беретін, өз кезінде жауынгер интернационалист болған О. С. Шеров пен Е.К. Бейсұлтановтың әскери өмір жолын зерттеді.

Эксперттік комиссия құрамына "Теміртау қаласының ішкі саясат бөлімі" ММ басшысы Жүнүсова Д.Н., Қарағанды облысы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Касапиди Д.И., "Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі" КМҚК басшысы Скорикова Н. Д., орыс этно-мәдени бірлестігінің төрайымы Гежа С.К., ҚМИУ "Қазақстан тарихы және әлеуметтік - гуманитарлық пәндер" кафедрасының оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі Солтан Магира Солтановна кірді.

Бұл өткізілген сайыс теміртаулық өскелең ұрпақтың туған өлке тарихын зерттеуде, танып білуде үлкен қызығушылық танытатынын көрсетті. Сайыс қатысушылары жинаған барлық материалдар музей қорына өткізіледі.

10 желтоқсанда ҚР Президенті Н.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласына арналған «Ұлы даланың жеті қыры» атты дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға Теміртау қаласының шығармашылық зиялы қауымы қатысты: ақындар Ромашихина Т.Ф., Дубовская Т.Ю., Воротынская О.В., Р. Алдашева, суретшілер Пильтихин Ю.В., Хренников В.В., журналистер Лахно Е.А., Р. Алдашева, фотосуретші Ромашкин Ш.К., ҚМИУ ҚХА кафедрасының меңгерушісі Жаңабергенова Д.К., Мұратова У.А. және Теміртау қаласының этномәдени орталықтарының жетекшілері.

Дөңгелек үстел барысында Елбасының мақаласында жарық көрген негізгі тарихи кезеңдер және Отан тарихын насихаттаудағы басты жобалар қарастырылды. Сонымен қатар, топоним мәселелері, қазақ жазушыларының шығармашылығын көтеру, ежелгі артефактарды зерттеудегі шет ел мамандарының тәжірибесі туралы сөз қозғалды.

Теміртаулық ақындар Ромашихина Т.Ф. және Дубовская Т.Ю. осы мақалаға және Елбасына арналған өздерінің өлеңдерін оқыды. Мақалаға қатысты басқа да пікірлер тыңдалды.

ҚМИУ ҚХА кафедрасының меңгерушісі Жаңабергенова Қазақстан тарихын студенттер арасында зерттеудегі өз тәжірибесімен бөлісті. Педагог әрі ақын Ромашихина Т.Ф. қазақ авторларының шығармашылығын және аңыздардың көмегімен туған өлке тарихын зерттеп, әрбір қазақстандық азаматтың кеудесінде ұлттық мақтаныш отын жағуды ұсынды.

Дөңгелек үстелдің нәтижесінде Теміртау музейі мен қонақтар арасында Президент Н.Ә. Назарбаев ұсынған жобаларды жүзеге асыру ісі бойынша өзара қарым-қатынас жоспары құрылды.

14 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған " Тәуелсіздік игілігі" тақырыбында квест өткізілді.

Квестке музейдің белсенді келушілері №24 орта мектептің оқушылары қатысты. Оларға Тәуелсіздік кезеңде біздің мемлекетіміз қандай игіліктерге жеткені туралы баяндайтын 6 локациядан өту ұсынылды - Президент, Мемлекеттік рәміздер, Конституциялық Заң, Қарулы күштер, Ұлттық валюта, бас қала Астана. Әрбір локацияда балалар шығармашылық және интеллектуалдық тапсырмалар орындады – мультимедиялық картаны зерттеп, ұлттық валютаға экспертиза жүргізді, әскери паёк жинап, құжаттарды зерттеу арқылы Тәуелсіздік нышандарын тапты.

Жыл қорытындысы бойынша жаппай ғылыми ағартушылық жұмыс ойдағыдай өтті деп санауға болады. Жұмыс жүргізілетін оқу орындары мен қала мекемелерінің саны көбейді. Қала тұрғындарының музей қор материалдарымен және ғылыми деректермен қолдануы кеңінен тарады. Балалар қатысатын барлық шараларға музей педагогикасының жаңа әдістері енгізілді. Орындағы және көшпелі экскурсиялар сұраныспен қолданылады. Музей қызметкерлері республикалық және облыстық деңгейдегі 11 ғылыми конференцияға қатысты

6. Музейдің әдістемелік жұмысы.

Есеп беру жылында музейдің қоғамдық активімен жұмыстар нығая бастады. Оның негізгі мақсаты ғылыми-зерттеу және жинақтаушы жұмысқа көмек көрсету, болашаққа жұмыс жоспарын құрастыру жұмысы, ашық іс-шаралар ұйымдастыру.

«Теміртау қаласының Білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемемен келісілген түрде жалпы орта білім беретін мектептермен музейде өткізілетін сабақтар туралы жоспар құрастырылып, бекітілді.

«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында қала мектептері арасында «Мектеп музейінің ең үздік жобасы» атты сайыс жарияланды. Осы жоба жұмысының жоспары бойынша мектеп музейлерінің болашақтағы жетекшілеріне музей жұмысының қыр-сырын үйрететін тренинг өткізілді.

ММ «Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттар» басқармасы коллегиясының шешімі бойынша музейдің аға ғылыми

қызметкері Трещева С.П. аудандық музейлермен жұмыс жасайтын әдістемелік топтың құрамына кірді.

Жыл бойында музей қызметкерлерімен ұйымдастырылған, «Т-АРТ» қалалық суретшілер клубымен, тығыз жұмыс жасады. Клубта, жаңадан бастаған суретшілерге көмек көрсететін, суретшілер кеңесі құрылды.

Жаз бойы Теміртау политехникалық колледждің «Дизайн және реклама» факультетінің студенттерінің практикасы өтті. Сонымен қатар, мектеп оқушыларымен экскурсия жүргізушілер клубы жұмысын атқарды.

Музей келесі үкіметтік емес ұйымдармен тығыз байланыс жасады: ұлттық мәдени орталықтар, «Нұр Отан» ХДП, діни ұйымдармен.

Медициналық колледж, «Кәсіби техникалық колледж» мемлекеттік мекемесімен бірлесе отырып Теміртау қаласының тарихын зерттеу жұмысын насихаттау мақсатында «Менің қалам» сайысы ұйымдастырылды.

7. Ғылыми – публицистикалық жұмыс.

Жыл бойында музей қызметкерлерінің 9 мақаласы қалалық газеттерде жарық көрді.

1. Аға ғылыми қызметкер С. П. Трещеваның «Ағашқа жан біткенде» атты «Зеркало» газетіндегі мақаласы, 17.03.2018 ж.
2. Т.В.Хмелева - "Темір Таудың опереттасы"//мақала// "Зеркало". газеті - Теміртау, наурыз 2018 ж.
3. С.П. Трещева - "Эх, аспан шляпаңды шеш! Мен саған келе жатырмын!"//мақала// "Зеркало" газеті - Теміртау - 14.04.2018 ж.
4. Хмелёва Т.В. – «Той құпия жиналысқа айналды»//мақала// "Зеркало" газеті. - Теміртау, маусым, 2018 ж.
5. Шувалова О.А. – «Металлургтер қай жерде қақталады?»//мақала// "Зеркало" газеті. - Теміртау, шілде, 2018 ж.
6. Хмелева Т. В. - «Жауыр-Тауда туылған тарих»//мақала//«Индустриальная Караганда» газеті. – Теміртау, тамыз 2018 ж.
7. «Зеркало» газеті 18.08. 2018ж. а.ғ.қ. Т. В. Хмелеваның мақаласы «Жауыртау шатқалын зерттеу».
8. «Зеркало» газеті 13.10. 2018 ж. а.ғ.қ. С. П. Трещеваның мақаласы «Фотосуретші Иван Мармалидидің жеке көрмесі туралы».
9. "Индустриальная Караганда" газеті, 22.11.2018 ж. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына Теміртау тарихи-өлкетану музейінің басшысы Н.Д. Скорикованың пікірі.

Мектеп мұғалімдеріне көмек ретінде 2017-2018 оқу жылдарында күнтізбелік жоспарға сүйене отырып өткізетін «Музейлік экскурсия - сабақтар» тізімі ұсынылды. Келушілерді қызықтыру және жарнама мақсатында өткізілетін экскурсиялар тақырыбы ұсынылған басылымдарды қаладағы оқу орындарына тарату ұйымдастырылды. Ғылыми-зерттеу

жұмысының нәтижесінде және қор жинағының көрмелері бойынша кітапшалар басылып шығарылды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында музей жұмысы туралы **47 мақала** жарық көрді. Республикалық және қалалық телеканалдарында музейдегі басты іс-шаралар мен көрмелер туралы баяндайтын **86 репортаж** көрсетілді.

Музей қызметкерлері Теміртаулық бұқаралық ақпарат құрал журналистерімен тығыз байланыста, оларға мақалаларына ақпарат дайындауға көмектеседі.

Ғылыми қызметкерлері қаланың TV үшін сюжеттерге сценарий дайындап, және де сол репортажды түсіруге тікелей қатысты.

8. Ақылы қызмет енгізу бойынша жұмыс.

Ақылы қызметтің негізгі ауыртпалығы қала оқушылары үшін жүргізілетін экскурсияға түседі. Ұйымдастырушы-экскурсоводпен жүйелі хабарландыру жарнамасы, оқу үрдісінде музейлік педагогиканы қолдану әдістемелігі дайындалып, осының арқасында көрсететін ақылы қызмет көлемі кеңейтілді.

Музейді зерттеу бойынша ақылы кеңес беріледі. Қорда сақталатын құжат және фото материалдармен жұмыс жасауға мүмкіндік беріледі.

Теміртау тарихи-өлкетану музейінде көрсетілетін негізгі ақылы қызметтер:

- экскурсиялар (стационарлы және сырттай)
- қала бойынша экскурсиялар
- жеке келушілер
- әдістемелік ұсыныстарды тарату
- ғылыми қызметкерлердің ақылы кеңестері.

9. Біліктілікті арттыру.

2018 жылы Теміртау тарихи- өлкетану музейінің қызметкерлері Республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларға белсене қатысты.

Ерекше атап өтсек музейдің Астанадағы ҚР Ұлттық музейінде өткен музей қызметі бойынша «XXI ғасырдағы музей мүмкіндіктері» халықаралық конференцияға қатысуы.

17 қалалық және облыстық конференцияларға қатысты.

Музей ғылыми қызметкерлері келесі іс-шараларда экспозиция ұйымдастырып, баяндамалар жасады:

- ҚР Ұлттық музейінде өткен музей қызметкерлерінің халықаралық форумы
- жыл сайынғы Қазақстандық патриоттардың форумы «Туған жер! Туған тіл! Туған ел!».
- Экскурсия жүргізушілердің біліктілігін арттыруға бағытталған облыстық курстар.

- Қалалық ғылыми практикалық конференциялар.

Есеп беру кезеңі ішінде өзіндік білімді көтеру үшін ғылыми-әдебиет қоры толықтырылды, жыл бойы музей жұмысының қырыны бойынша газеттер мен журналдарға жазылу жүргізілді.

10. Музейдің материалдық-техникалық базасы.

КМҚК «Теміртаулық тарихи-өлкетану музейі» облыстық бюджеттен қаржыландырылады. Бюджет қаржысынан экспозицияны қалыптастыруға және іс-шараларды өткізуге қажетті материалдарды сатып алу үшін 634,3 мың теңге жұмсалды. Бөлінген қаржыны үнемдеу есебінен ноутбук, принтер, сканер алынды.

Бүгінгі күнде музейдегі техникалық жабдықтар:

- Компьютерлер – 8 дана.
- Принтерлер – 2 дана.
- МФУ – 2 дана
- Проектор – 1 дана.
- Телевизор СК - 1 дана.
- Акустикалық жүйе – 1 дана.
- Аудио гидтар - дана.
- Сенсорлық видео панель – 1 дана.

Теміртаулық музейдің материалдық -техникалық базасын жақсарту үшін қажет:

- автобус
- видеорталықтар
- калориферлер
- климатбақылаушы құралдар
- музейлік жаңа құрал-жабдықтар
- реттеу жүйесі бар ылғалдылық көрсеткіш
- Проекциялық құрал

11. Музейдің қоғамдық активі.

Теміртау тарихи-өлкетану музейінде көптеген жылдар бойы музейдің қоғамдық кеңесі жұмыс жасайды. Музейдің қоғамдық кеңесінің құрамына Н.Т.Вахитова (ардагерлер кеңесінің төрайымы), Ю.В. Пильтихин (қала суретшісі, Т -АРТ клубының жетекшісі), Атабаева Оразнабат (тәрбие жұмысы бойынша завуч), Теміртау қаласының Ақсақалдар алқасы, Теміртау қаласының этномәдени бірлестіктерінің өкілдері.

Қоғамдық кеңестің мүшелері ғылыми –зерттеу жоспарының құрылуы бойынша жұмыс жасайтын комиссияның құрамына енді. Музей жүргізетін білім беретін бағдарламаларды ұйымдастыруға қатысты. Музейдің қоғамдық кеңесімен бірлесе отырып 8 ашық іс-шара және Теміртау қаласының атаулы күндеріне арнап 2 экспозиция құрылды.

12. Музей қорғанысы.

«Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын күзетшілер қорғайды. Бақылау камералары жоқ. Терезелерде темір торлар жоқ.

13. Қорытынды.

2018 ж. Қорытындысы бойынша келушілер бойынша жоспар 100% орындалды.

2018 ж. экскурсия ауқымын көбейту үшін жаңадан құрылған ғылыми-тақырыптағы жұмыстар қолданылды.

Жұмыс дәрежесін жақсарту үшін қажет:

- Штатқа мұражайлық педагог, өнертанушы, программист, дизайнер ставкаларын енгізу;
- Автобус сатып алу және жүргізуші ставкасын енгізу.
- Сырттай жүргізілетін көрме үшін тақырыптар тізімін кеңейту
- Келісімді -экскурсиялық қызметін көрсету жүйесіне көшу.
- Экспонаттар сатып алу үшін бюджетке жалпы соманы енгізу
- Музейге келушілердің санын көбейту
- «Туған өлке табиғаты» залын реэкспозициялау
- Ғылыми- зерттеу және жинақтау қызметінің саласын кеңейту.
- Көрсетілетін қызмет түрлерін кеңейту
- Жұмыс жағдайын жақсарту

14. 2018 жылғы міндеттер

Негізгі міндеттер:

- музей жинақтары мен музей заттарын жинақтау, есепке тіркеу, сақтау және қайта жаңарту, ағартушылық пен білім беру қызметін жүзеге асыру;
- музей жинақтары мен музей заттарының халық үшін қол жетімдігін қамтамасыз ету;
- музей жинақтары мен музей заттарын анықтау, зерттеу, жариялау;
- музей қызметін әлеуметтік- жас шамалық, білімділік жағынан түрлі топтардың талабы мен қызығушылығын ескере отырып ұйымдастыру;
- музейге келушілердің санын арттыру;
- музейдің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- музейлік, экскурсиялық, бос уақытты қызықты өткізу қызметінің жаңа заманауи әдістерін дамыту;
- музей ісінің ұйымдастырылуына Интернет-технологиялар мен компьютеризациялауды енгізу;
- білім беру және ғылыми мекемелермен бірлесе жүргізетін жұмысты ұйымдастыру.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- музей заттарын есепке тіркеу және сақтау;
- музей қорын жинақтау;

- қорда сақталатын заттарды зерттеу, жүйелеу, электрондық базасын қалыптастыру;
- көркем студиялар, үйірмелер, дәрістемелер, түрлі қызығушылығына қарай біріккен бірлестіктер құру;
- мәдени-ағартушылық пен мәдени-педагогикалық қызмет;
- заңды және жеке тұлғаларға мәдени–жаппай және туристік–экскурсиондық қызмет көрсету;
- музей мамандарының біліктілігін арттыру;
- музей қырыны бойынша монографиялар, тізімдемелер, кітапшалар дайындау;
- музей жинақтары мен заттарын қорғау бойынша іс-шараларды құрастыру және іске асыру;
- азаматтарға қосымша музей және сервис қызметтерін ұсыну;
- музей аймағында жаппай іс-шараларды, тұсау кесер шараларды өткізуді ұйымдастыру.

**Теміртау тарихи - өлкетану
музейінің басшысы:**

Н.Скорикова